

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

ӘОЖ 536.212.3

Қолжазба құқығында

**ТАШМУХАНБЕТОВА ИНДИРА БЕРКИНБАЕВНА**

**Жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізіндегі сұйық  
жылуоқшаулағыш жабындар**

6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:  
PhD, Нурлыбаев Р.Е.  
ТОО «SAVENERGY» директоры,  
Қазақстан Республикасы, Алматы

техника ғылымдарының докторы,  
профессор, Селяев В.П.  
Н.П. Огарев атындағы «МҰУ»,  
Мордовия, Саранск

Қазақстан Республикасы,  
Алматы, 2024

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....</b>	<b>4</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР .....</b>	<b>5</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>6</b>
<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>7</b>
<b>1 ЖЫЛУОҚШАУЛАҒЫШ ҚАСИЕТТЕРІ БАР КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДЫ АЛУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІН ӘЗІРЛЕУГЕ ШОЛУ .....</b>	<b>15</b>
1.1 Жылуоқшаулағыш материалдар және түрлері, жіктелуі мен қасиеттері .....	15
1.2 Отандық нарықтағы заманауи жылуоқшаулағыш материалдарға аналитикалық шолу .....	18
1.3 Жылуоқшаулағыш композициялық жабындарды әзірлеудің теориялық және практикалық негіздері .....	23
1.4 Жылуоқшаулағыш жабындарды жасауға арналған полимерлі дисперсиялар .....	27
1.5 Жылуоқшаулағыш материалдарды өндіруге арналған жұқадисперсті минералды толтырғыштар .....	30
Бірінші тарау бойынша тұжырым .....	32
<b>2 МАТЕРИАЛДАР, ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ...</b>	<b>34</b>
2.1 Жылуоқшаулағыш жабын алуға арналған материалдар мен компоненттер .....	34
2.2 Жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелерді талдаудың физика-химиялық әдістері .....	36
2.2.1 Микрокремнезем бөлшектерінің гранулометриясы .....	36
2.2.2 Микрокремнезем бетінің құрылымын анықтау .....	37
2.2.3 Жұқадисперсті толтырғыш ұнтақтардың құрылымдық сипаттамаларын анықтау және бағалау .....	37
2.2.4 Фракталдық жылу беру моделін талдау .....	39
2.3 Эпоксидті шайырдың қатаю процедурасы және үлгілерді дайындау әдісі .....	42
2.4 Эпоксидті шайыр мен қатайтқыш түрлерін салыстырмалы тұтқырлық және серпімділік-беріктік қасиеттерін анықтау барысында таңдау негіздемесі .....	43
2.5 Жылуоқшаулағыш жабындарға табиғи климаттық сынақтар жүргізу әдістемесі .....	43
2.5.1 Түс сипаттамаларының өзгеруін анықтау .....	44
2.6 Эпоксидті-микрокремнеземді композиттерді алу .....	46
2.7 Алынған эпоксидті-микрокремнеземді композит бетінің морфологиясын талдау және толтырғыштың оңтайлы қатынасын анықтау .....	47
2.7.1 Сканерлеуші электронды микроскопия .....	47
2.7.2 Жабындардың термиялық қасиеттері .....	47
2.8 Кеуектілікті анықтау .....	47
2.9 Бу өткізгіштігін анықтау .....	48

2.10 Адгезиялық беріктігін анықтау .....	49
2.11 Жылу өткізгіштік коэффициентін және жылу кедергісін анықтау.....	50
2.12 Жылтырлық дәрежесін анықтау .....	56
Екінші тарау бойынша тұжырым .....	57
<b>3 ЖҰҚАДИСПЕРСТІ МИНЕРАЛДЫ ТҮЙІРШІКТІ ЖҮЙЕЛЕР НЕГІЗІНДЕ ПОЛИМЕРЛІ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛУОҚШАУЛАҒЫШ ЖАБЫНДАРДЫ СИНТЕЗДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ .....</b>	<b>58</b>
3.1 Толтырылған полимерлі байланыстырғыштардың жылу өткізгіштігіне әсер ететін негізгі құрылымдық параметрлерді анықтау .....	58
3.2 Эпоксидті шайырды пластификатормен модификациялау және қатайтқыш түрін таңдау .....	69
3.3 Оқшаулағыш жабын алу үшін байланыстырғыштың оңтайлы маркасын анықтау мақсатында эпоксидті шайыр композиттерінің табиғи климаттық факторлар әсеріне түс беріктігін анықтау.....	73
3.4 Жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізінде полимерлі жылуоқшаулағыш жабындарды әзірлеу .....	81
Үшінші тарау бойынша тұжырым.....	88
<b>4 АЛЫНҒАН ЖАБЫНДАР ҚАСИЕТІНІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ .....</b>	<b>89</b>
4.1 Әр түрлі беттерде қалыптасқан жабын материалының қасиеттерін анықтау нәтижелері .....	89
4.2 Эпоксидті шайыр негізіндегі жабындардың ұзақмерзімділігі.....	90
4.3 Жұқадисперсті минералды жүйелер негізінде сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың жылу өткізгіштігіне әсер ететін негізгі құрылымдық параметрлерді анықтау .....	91
4.4 Жылуоқшаулағыш жабындар өндірісінің болжамды техникалық-экономикалық көрсеткіштері.....	94
Төртінші тарау бойынша тұжырым .....	96
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>97</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>101</b>
<b>ҚОСЫМША А – Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдар тізімі.....</b>	<b>114</b>
<b>ҚОСЫМША Ә – Тәжірибелік-эксперименттік сынақ хаттамасы .....</b>	<b>116</b>
<b>ҚОСЫМША Б – Оқу процесіне енгізу актісі.....</b>	<b>118</b>
<b>ҚОСЫМША В – Өндірісте енгізу (қолдану) актісі.....</b>	<b>120</b>
<b>ҚОСЫМША Г – Аспаптар.....</b>	<b>122</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттар және нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

ҚР ЕЖ 2.04-108-2014 «Оқшаулау және әрлеу жабындары»

ҚР ҚН 2.04-21-2004 «Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы және жылу қорғанысы»

ҚР СТ МЕМСТ 15.011-2005 «Өнімді әзірлеу және өндіріске қою жүйесі.

Патенттік зерттеулер. Мазмұны және өткізу тәртібі»

ҚР ЕЖ 2.04-107-2022 «Ғимараттардың жылу қорғанысы»

ҚР ҚН 2.02-01-2019 «Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі»

МЕМСТ 10587-84 «Эпоксидті дианды қатайтылмаған шайырлар. Техникалық шарттар»

МЕМСТ 8728-88 «Пластификаторлар. Техникалық шарттар»

МЕМСТ 11262-2017 «Пластмассалар. Созылу сынағы әдісі»

МЕМСТ 8420-2022 «Лак-бояу материалдары. Шартты тұтқырлықты анықтау әдістері»

МЕМСТ 33355-2015 «Лак-бояу материалдары. Бу өткізгіштігінің сипаттамаларын анықтау»

МЕМСТ 32299-2013 (ISO 4624:2002) «Лак-бояу материалдары. Адгезияны ажырату әдісімен анықтау»

МЕМСТ 7076-99 «Құрылыс материалдары мен бұйымдары. Стационарлық жылу тәртібінде жылу өткізгіштік пен жылу кедергісін анықтау әдісі»

МЕМСТ 31975-2017 «Лак-бояу материалдары. Лак-бояу жабындардың 20°, 60°, 85° бұрыштарында жылтырлығын анықтау әдісі»

МЕМСТ 9.032-74 «Лак-бояу жабындары. Топтар, техникалық талаптар және белгілер»

## АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда келесі терминдер тиісті анықтамалармен қолданылған:

КЛИМАТТЫҚ ФАКТОРЛАР	– климаттың негізгі элементтері: күн радиациясы (жарық, жылу), жауын-шашын және атмосфералық қысым, ауа ылғалдылығы, топырақ ылғалдылығы, ауа айналымы (жел), гидросфералық қысым.
МИКРОКРЕМНЕЗЕМ	– құрамында кремний бар қорытпаларды өндіру кезінде технологиялық пештерді газбен тазарту процесінде алынған сфералық пішінді бөлшектерден тұратын ультрадисперсті материал.
ЖЫЛУОҚШАУЛАҒЫШ (жылуды кедергіш)	– жылу беру процесін төмендететін және құрылымдағы негізгі жылу кедергісі рөлін атқаратын құрылымдық элементтер.
СҰЙЫҚ ЖЫЛУОҚШАУЛАҒЫШ ЖАБЫН	– бу құбырларын, ыстық және суық суды, өнеркәсіптік жабдықты және тұрғын үй құрылыстарында жылуоқшаулағыш ретінде пайдалануға болатын жұқа дисперсті минералды толтырғыштардан тұратын жабын.
МИНЕРАЛДЫ ТОЛТЫРҒЫШТАР	– бөлшектерінің мөлшері 0,15 мм-ден аз және меншікті беті 2500-5000 см <sup>2</sup> /г шегінде болатын практикалық мақсаттар үшін оңтайлы дисперсті ұнтақтардан тұратын (минералды немесе полимерлі) толтырғыштар.
ЖЫЛУ ӨТКІЗГІШТІК	– материалдық денелердің дене бөлшектерінің (атомдардың, молекулалардың, электрондардың және т.б.) хаотикалық қозғалысы арқылы дененің қыздырылған бөліктерінен дененің аз қыздырылған бөліктеріне энергия (жылу) өткізу қабілеті. Мұндай жылу алмасу температураның біркелкі бөлінбеуі бар кез-келген денеде болуы мүмкін, бірақ жылу беру механизмі заттың агрегаттық күйіне байланысты болады.
ТЫҒЫЗДЫҚ	– дене салмағының сол дене алатын көлемге қатынасы ретінде анықталатын скалярлық физикалық шама.
АДГЕЗИЯЛЫҚ БЕРІКТІК	– байланыстыратын материал мен желімнің адгезия күштерімен анықталатын жабысқақ қосылыстың беріктігі

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста белгілеулер мен қысқартулар қолданылған:

СЖ	– сұйық жабын
СЖОЖ	– сұйық жылуоқшаулағыш жабын
СИ	– физикалық шамалар бірліктерінің жүйесі
ЖШС	– жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
МК	– микрокремнезем
ПЭПА	– полиэтиленполиамин
ДБФ	– дибутилфталат
КБРШ	– кіші бұрышты рентгендік шашырау
АБС	– автоматты бақылау станциясы
РФС	– рентген-флуоресцентті спектрометр
ТГТ	– термогравиметриялық талдау
СЭМ	– сканерлеуші электронды микроскопия
ССА	– фрактальдық модель түрі
$\lambda$	– жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·К)
$R$	– жылу кедергісі, м <sup>2</sup> ·К/Вт
$\rho$	– тығыздық, кг/м <sup>3</sup>
$\delta$	– қалыңдық, м
$P$	– кеуектілік, %
$V$	– бу өткізгіштік, мг/м·сағ·Па
$F$	– үзілу күші, Н
$q$	– жылу ағынының тығыздығы, Вт/м <sup>2</sup>
$\Delta T$	– үлгінің қарама-қарсы беттері арасындағы температура айырмашылығы, К.
$\lambda_{\text{СЖОЖ}}$	– сұйық жылуоқшаулағыш жабын үшін жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·К)
$\delta_{\text{СЖОЖ}}$	– сұйық жылуоқшаулағыш қабатының қалыңдығы, м
$\lambda_{\text{СЖ}}$	– сұйық жабынның үшін жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·К)

## КІРІСПЕ

### **Шешілуге бағытталған ғылыми немесе ғылыми-технологиялық проблемалардың заманауи деңгейін бағалау**

Энергияны үнемдеу – қазіргі заманның маңызды міндеті. Сонымен қатар, жылдар өткен сайын энергияны үнемдеу мәселесін қол жетімді емес аудандарда энергия өндіруді ұлғайту және жаңа энергия объектілерін салу арқылы ғана емес, сонымен қатар энергия тұтынуды азайту арқылы да шешуге болатындығы айқын бола бастады. Жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелерге негізделген жылуоқшаулағыш материалдар энергияны үнемдеуге және құрылыстағы энергия тиімділігін арттыруға деген өсіп келе жатқан қажеттіліктерді ескере отырып, өзекті тақырып болып табылады. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңы (03.09.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) [1] экономика субъектілерін энергия тиімділігі және жылуоқшаулағыш материалдарды пайдалану жөніндегі талаптарды ескере отырып, ғимараттарды салуға және қайта жаңартуға міндеттейді. Сондай-ақ, ҚР ЕЖ 2.04-108-2014 «Оқшаулау және әрлеу жабындары» [2] және ҚР ҚН 2.04-21-2004 «Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы және жылу қорғанысы» [3] нормативтік құжаттарына сәйкес келтіру және дәстүрлі энергия тасымалдаушылардың қымбаттауы энергияны тиімді қолданудағы басты мәселе болып табылады.

Тұрғын үй-құрылыс кешені саласындағы сұранысқа ие міндет отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу болып табылады. Бұл мақсатқа жетудің ең тиімді әдістерінің бірі – полимерлі байланыстырғыштарға негізделген энергияны үнемдейтін сұйық жылуоқшаулағыш жабындарды (СЖОЖ) әзірлеу [4,5]. Дәстүрлі жылуоқшаулағыш материалдар бірқатар кемшіліктерге ие: құрылымдарды коррозиядан қорғай алмауы, өртке төзімсіздігі, құрылыстағы конструкция элементтеріне қосымша жүктеме беруі және су өткізгіштігі ықтималдылығынан көгеруге төзімсіздігі – олардың жылуоқшаулағыш қасиеттерінің ұзақмерзімділігін азайтады. Сонымен қатар, СЖОЖ эксплуатациялық жұмыстарды орындау кезінде еңбек шығындарын айтарлықтай төмендетеді және күрделі конструкция элементтеріндегі қолжетімсіз жерлерді де оқшаулауға ыңғайлы болып табылады. Минералды толтырғыштарды пайдалана отырып, СЖОЖ құрамын әзірлеу арқылы пайдалану сипаттамаларына нұқсан келтірместен өндіріс құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл осы тәсілдің тартымдылығын және оның қазіргі кездегі өзектілігін айтарлықтай арттырады [6,7].

Әдетте, сұйық жылуоқшаулағыш жабындардағы жылу өткізгіштік коэффициентінің төмен мәндеріне қуыс керамикалық және шыны микросфералардың максималды санын қосу арқылы қол жеткізіледі, бұл жалпы көлемнің 50%-ын құрайды. Алайда, осы қымбат микросфераларды пайдалану өзіндік құнның айтарлықтай өсуіне әкеледі және нәтижесінде өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Пайдалану сипаттамаларын жоғалтпай микросфералардың шығынын азайту мәселесін шешу үшін құрамында жұқадисперсті минералды толтырғыштар бар модификацияланған байланыстырғыштарды қолдану арқылы мүмкін болады. Жұқадисперсті минералды ұнтақтардың кеуектілігі жоғары екені белгілі, бұл олардың негізінде тиімді жылуоқшаулағыш материалдарды жасауға мүмкіндік береді [8-10]. Сондықтан микро және наноөлшемді жұқадисперсті минералды түйіршікті толтырғыштарды пайдалану микросфералардың шығынын едәуір азайтуға және СЖОЖ тиімді құрамдарын жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізінде жылуоқшаулағыш жабындар саласындағы зерттеулер Қазақстандағы маңызды экологиялық және экономикалық проблемаларды шешу үшін практикалық маңызға ие және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңда белгіленген нормативтерге сәйкес келуге көмектеседі.

### **Тақырыпты жасақтаудың негіздемесі және бастапқы деректері**

Сұйық жылуоқшаулағыш жабындар (СЖОЖ) – бұл энергияны үнемдеуді қамтамасыз ету үшін құбырлар, бетон және металл беттер, кірпіш және сылақ және т.б. сияқты әртүрлі беттерге қолдануға арналған арнайы материал. СЖОЖ-ның дәстүрлі жылуоқшаулағыш материалдардан асып түсетін басты артықшылықтарының бірі – олардың бірегей жылуоқшаулағыш қасиеттері болып табылады. СЖОЖ жасау үшін полимерлі дисперсияға негізделген байланыстырғыштар, шыны, керамикалық немесе алюмосиликат микросфералар, сондай-ақ микрокремнезем (МК), метакаолин, диатомит, ақ күйе, аэросил және т.с.с. микро және наноөлшемді ұнтақтар, сонымен бірге қатайтқыштар, пластификаторлар секілді қосымша материалдар негізіндегі әртүрлі компоненттер қолданылады.

Бұл материалдардың жылуоқшаулағыш қасиеттерін жақсартуға, жабынның салмағын азайтуға және жылу мен жарықтың шағылысуын арттыруға мүмкіндік беретін ерекше қасиеттері бар екені белгілі. Мысалы, кремний диоксидін пайдалану оның жоғары жылу өткізгіштігі арқылы жылуоқшаулағыш қасиеттерін жақсартуға, сондай-ақ механикалық беріктігін арттыруға мүмкіндік береді. Қаптаманың тығыздығы мен салмағын азайту және оның жылуоқшаулағыш қасиеттерін арттыру үшін керамикалық және шыны микросфералар қосылады. Алюмосиликат микросфералары жылу шағылыстырғыш қасиеттерін арттыру және жылу өткізгіштігін төмендету үшін қолданылады.

Табиғи құбылыстарды сынауға ғылыми негізделген тәсіл жылу өткізгіштік, тығыздық, беріктік және т.б. сияқты стандартты параметрлерді ғана емес, сонымен қатар жабындарға климаттық әсердің маусымдылығын да ескеруі керек. Бұл сынақтардың неғұрлым дәл және сенімді нәтижелерін алуға, сондай-ақ әртүрлі пайдалану жағдайларында СЖОЖ тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл климаттық қолданудың оңтайлы шарттарын және олардың максималды тиімділігін анықтауға көмектеседі. Сұйық



жылуоқшаулағыш материалдар мен олардың жылу өткізгіштігін тікелей және жанама әдістермен бағалау бойынша жарияланымдар мен патенттерді сыни талдау нәтижесінде В. П. Селяев, А. К. Осипов, В. А. Неверов, О. Г. Маштаев, В. В. Сидоров, А. Е. Инин, Т. А. Низина, Н.А. Логинованың еңбектерінде қарастырылды.

Әдеби дереккөздерге жүргізілген талдау қазіргі уақытта сұйық жылуоқшаулағыш жабындар саласында жинақталған айтарлықтай эксперименттік материалға қарамастан, олардың қасиеттерін одан әрі жақсарту және оңтайландыру мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Әр түрлі қоспаларға негізделген жабындардың жылуоқшаулағыш қасиеттеріне әсерін талдауға және максималды тиімділікке жету үшін қолданудың жаңа әдістерін жасауға арналған жұмыстардың саны бұл мәселені түбегейлі шешу үшін жеткіліксіз. Сондай-ақ, СЖОЖ-ның төтенше жағдайларға төзімділігін бағалау үшін климаттық әсердің маусымдылығын ескеретін табиғи сынақтар жүргізу маңызды.

### **Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігін негіздеу**

Энергияны үнемдеу мәселесін шешу үшін көптеген елдерде полимерлі байланыстырғыштан және қуыс шыны немесе керамикалық микросфералардан тұратын сұйық жылуоқшаулағыш жабындар құрылыс индустриясында жылуоқшаулағыш материалдар арасында кең таралуда. СЖОЖ энергия үнемдеу сипаттамалары бойынша басқа материалдардан едәуір жоғары жылуоқшаулағыш қасиеттерге ие, құрылымдарды коррозиядан және қызып кетуден қорғайды, шіру мен көгерудің пайда болуына жол бермейді, ұзақ қызмет ету мерзіміне ие, күрделі конструкция элементтеріндегі қолжетімсіз жерлерді де оқшаулауға мүмкіндік береді, сонымен қатар эксплуатациялық жұмыстарды орындау кезінде еңбек шығындарын айтарлықтай төмендетеді.

### **Жасақтаманың жоспарланып отырған ғылыми-техникалық деңгейі туралы мәліметтер, патенттік зерттеулер және олардан қорытындылар**

Жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізінде жылуоқшаулағыш жабындарды әзірлеудің ғылыми-техникалық деңгейі материалтану және жаңа материалдар технологиясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Жылуоқшаулағыш жабындарды әзірлеу саласында әдеби шолу жүргізілді, зерттеулер мен талдаудың заманауи әдістері қолданылды, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдармен расталған эксперименттердің нәтижелерін өңдеу жүргізілді.

Жылуоқшаулағыш жабынның жаңа құрамын жасақтау мәселесінің шешімі негізінен композицияны оңтайландыру болып табылады. СЖОЖ-ның сынақтарын ескере отырып, жарыққа төзімділік, ауа-райына төзімділік, химиялық төзімділік, жылуға төзімділік, пигменттің зиянсыздығы сияқты жоғары пайдалану сипаттамалары бар жергілікті жұқадисперсті минералды жүйелердің негізінде СЖОЖ-ның жаңа құрамдарын әзірлей отырып, келесі кезең – жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізінде сұйық жылуоқшаулағыш жабынның құрамдарын өнеркәсіптік өндіру технологиясын әзірлеу болып табылады.

Патенттік зерттеулер ҚР СТ МЕМСТ 15.011-2005 «Өнімді әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Патенттік зерттеулер. Мазмұны және өткізу тәртібі» бойынша патенттік зерттеулерге сәйкес орындалды. Патенттік зерттеулерді талдау кезінде жылуоқшаулағыш жабындармен тек Қазақстанда ғана емес, АҚШ-та, Ресейде, Қытайда және басқа елдерде де айналысатындығы, сондай-ақ бірқатар патенттелген жұмыстар бар екендігі анықталды. Сонымен қатар, пайдалану сипаттамалары жоғары, жергілікті жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелердің негізінде СЖОЖ алу технологиясы жоқ екені анықталды.

#### **Диссертацияны метрологиялық қамтамасыз ету туралы мәліметтер**

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ету үшін сертификатталған әдістер және сенімді аспаптар мен өлшеу құралдарының көмегімен жасалған заманауи талдау әдістері қолданылды. Функционалдық және графикалық тәуелділіктерде метрологиялық ережелер мен халықаралық СИ бірліктері жүйесінің нормаларына сәйкес келетін өлшем бірліктері қолданылды.

1. Талдаудың физика-химиялық әдістері «А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының» АҚ полимерлердің синтезі және физико-химиясы зертханасында орындалды.

2. Полимерлі материалдардың үлгілерін табиғи экспозициялау сынақтары Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ мен «Мордовстройтест» ЖШС арасындағы қызмет көрсету шарты бойынша Н.П. Огарёва атындағы ММУ жанындағы құрылыс технологиялары мен сараптамалары және экологиялық-метеорологиялық мониторинг зертханалары негізіндегі ғылыми-зерттеу полигонында жүзеге асырылды.

3. СЖОЖ әзірленген құрамдарының бөлшектері, негізгі көрсеткіштері, климаттық факторларды бағалау, нәтижелерді декодтау және талдау күнтізбелік жоспарға сәйкес (аккредиттеу аттестаты №KZ T.02.2122 2018 жылғы 06 қыркүйектен бастап, 2023 жылғы 06 қыркүйекке дейін жарамды) «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» Сәулет және Құрылыс ғылыми-зерттеу зертханасында жүргізілді.

#### **Тақырыптың өзектілігі**

Еліміздің экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі – энергияны ұтымды пайдалану, өндірістік және өндірістік емес салаларда энергия тұтынуды азайту болып табылады. Жаңа ғимараттар салу және қолданыстағы тұрғын үй қорын қайта құру кезінде жылу қорғауды қамтамасыз етудің энергия үнемдейтін технологиялары ерекше маңызға ие. Бұл еліміздегі аумақтың едәуір бөлігі қоршаған ортаның орташа жылдық температурасының төмендігімен, бірқатар өңірлердегі ұзақ жылыту маусымымен сипатталады. Тағы бір себеп – дәстүрлі энергия тасымалдаушылардың қымбаттауы, жылу қорғауды қазіргі заманғы нормаларға сәйкес келтіру (ҚР ЕЖ 2.04-107-2022 «Ғимараттардың жылу қорғанысы»). Энергия бағасының күрт өсуі және ғимараттар мен құрылыстардың жылуоқшаулағыштығына жаңа талаптар енгізу жағдайында отандық жылу қорғау материалдарының көпшілігі тым қымбат және тиімсіз болып шықты.

Дәстүрлі жылуоқшаулағыш жабындар (талшықты материалдар, көбік және бүріккіш полимерлер) ылғалдылықтың жоғарылауы, металл негізінің қабатты коррозиясының пайда болу мүмкіндігі, жылу, жарық және ылғалдылық әсерінен жабынның бұзылуы сияқты бірқатар кемшіліктерге ие.

Бұл кемшіліктерді жеңудің бір жолы – жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер мен полимерлі байланыстырғыштарды қолдана отырып, жаңа жоғары тиімді жылу қорғайтын материалдарды қолдану. Жаңа жылуоқшаулағыш жабындар – жоғары жылуоқшаулағыш қасиетке ие, адгезия және коррозияға қарсы қасиеттері бар сұйық қосылыстар. Жақында отандық нарықта керамикалық микросфералар мен әр түрлі байланыстырғыштардың көмегімен жасалған жаңа жылуоқшаулағыш материалдар пайда болды. Алайда, бүгінгі күні байланыстырғыштардың осы материалдардың жылу-физикалық қасиеттеріне әсері толық зерттелмеген.

Сондықтан жылу энергиясының жоғалуын азайтуға мүмкіндік беретін жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер мен полимерлі байланыстырғыштарды қолдана отырып, жаңа жылуоқшаулағыш жабындарды әзірлеу тақырыбы өзекті болып табылады.

**Тақырыптың жаңалығы.** Алғаш рет жақсартылған пайдалану сипаттамаларының кешені бар Қазақстан Республикасының жергілікті шикізатын толтырғыш ретінде қолдана отырып, жаңа сұйық жылуоқшаулағыш жабын әзірленді.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- Алғаш рет дибутилфталатпен модификацияланған полимерлі эпоксидті шайыр мен Этал-1440Н қатайтқыш негізінде оңтайлы беріктік шегі мен жұмыстық өміршеңдігіне ие сұйық жабынды алудың технологиялық әдісі әзірленді;

- алғаш рет сұйық жабындардың түс беріктігіне табиғи климаттық факторлардың әсерін зерттеу арқылы эпоксидті шайыр ЭД-20 байланыстырғыш маркасы оңтайлы екендігі анықталды;

- алғаш рет дибутилфталатпен модификацияланған эпоксидті шайыр және Өтесай кен орнының (Қазақстан) диатомитінен алынған микрокремнезем негізінде 80:20 қатынасында жоғары тиімді сұйық жылуоқшаулағыш жабын әзірленіп жасалды;

- нормативтік құжаттарға сәйкес әр түрлі беттерге қолдану барысында әзірленген сұйық жылуоқшаулағыш жабынның шекті пайдалану сипаттамалары бекітілді.

#### **Жұмыстың мемлекеттік бағдарламалармен және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы**

Диссертациялық жұмыс Мордовия университетімен бірлесіп «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сәулет және Құрылыс ғылыми-зерттеу зертханасында «2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды 27 ай іске асыру мерзімімен гранттық қаржыландыру» бағдарламасы шеңберінде АР08855714

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен қаржыландырылған «Жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізіндегі жылуоқшаулағыш жабындар» тақырыбы бойынша жобасы негізінде орындалды. Сонымен қатар, диссертант Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын 2023-2025 жылдарға арналған BR21882292 – «Тұрақты құрылыс саласын интеграцияланған дамыту: инновациялық технологиялар, өндірісті оңтайландыру, ресурстарды тиімді пайдалану және технологиялық парк құру» атты нысаналы қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылуына қатысып, кіші ғылыми қызметкер міндетін атқарып келеді.

#### **Диссертациялық жұмыстың мақсаты**

Жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелерді пайдалана отырып, жаңа жоғары тиімді сұйық жылуоқшаулағыш жабын әзірлеу және алынған жабындардың табиғи климаттық сынақтарын жүргізу арқылы физика-химиялық, механикалық қасиеттерін зерттеу болып табылады.

**Зерттеу нысандары** – модифицирленген эпоксидті шайыр негізінде алынған сұйық жабын, микрокремнезем мен эпоксидті шайыр негізінде алынған сұйық жылуоқшаулағыш жабындар.

#### **Зерттеу мәні**

Жылуоқшаулағыш қасиеттеріне ие болатын жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер және эпоксидті шайыр негізіндегі сұйық жылуоқшаулағыш жабын әзірлеу.

**Зерттеудің міндеттері, олардың жалпы ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудағы орны**

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі **міндеттер** шешілді:

- Полимерлі сұйық жабындарды алуда қатайтқыштың тиімді маркасын анықтау арқылы модифицирленген эпоксидті шайыр алу және оның жылуөткізгіштік коэффициентін анықтау;

- сұйық жабын алу үшін байланыстырғыштың оңтайлы маркасын анықтау мақсатында модифицирленген эпоксидті шайыр композиттерінің табиғи климаттық факторлар әсеріне түс беріктігін анықтау;

- жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйе – микрокремнезем мен байланыстырғыш – эпоксидті шайыр негізіндегі жаңа сұйық жылуоқшаулағыш жабындарды өндеудегі бастапқы материалдардың оңтайлы қатынасын анықтау және алынған жабынның физика-химиялық, механикалық қасиеттерін зерттеу;

- жылуоқшаулағыш қасиеттері бар микрокремнезем мен эпоксидті шайыр негізінде алынған сұйық жабындардың ұзақмерзімділігі және экономикалық-технологиялық тиімділігін анықтау.

#### **Зерттеудің әдістемелік базасы**

Диссертациялық жұмысты орындау кезінде келесі әдістер мен қондырғылар қолданылды:

- Микрокремнеземнің дисперсті ұнтақтар бөлшектерінің өлшемдерін, олардың пішінін, түсін бағалауға, макрокеуектердің және жарықтардың болуын

анықтауға OLYMUSGX-71 инверттелген металлографиялық оптикалық микроскоп және ShimadzuSALD-3101 бөлшектерінің өлшем анализаторы қолданылды;

- құрылым және химиялық сипаттамаларды зерттеу «NICOLET 5700 FT-IR» маркалы ИК-Фурье спектрометрінде жүргізілді;

- толтырғыш ұнтақтарының құрылымдық сипаттамаларын анықтау және бағалау үшін «Hecus S3-MICRO X-Ray SAXS/SWAX System» рентгендік кіші бұрышты дифрактометр пайдаланылды;

- алынған құрамдардың тұтқырлығы ВЗ-4 типті 4 мм диаметрлі вискозиметр қолдану арқылы анықталды;

- полимерлі композиттерді механикалық сынау үшін TRAPEZIUM X бағдарламалық жасақтамасы бар AGS-X сериялы сынақ машинасы қолданылды;

- табиғи климаттық сынақтар Н. П. Огарев ат. Мордовия мемлекеттік университетінің (Саранск қ.) автоматты климаттық бақылау станциясының (АБС) көмегімен жүргізілді;

- декоративті сипаттамалардың өзгеруін талдау СД-6834 Spectro-guide spliere gloss спектрофотометрін қолдану арқылы анықталды;

- жабындардың термиялық қасиеттері «Mettler Toledo TGA/SDTA 851» аспабында термогравиметриялық талдау әдісімен зерттелді;

- адгезиялық беріктігі ПСО МГ4 адгезия өлшегішімен жүзеге асырылды;

- материалдардың жылу өткізгіштігін анықтау үшін ИТС-1 электронды жылу өткізгіштік өлшегіші қолданылды;

- жабындардың жылтырлығы novo-Gloss сериялы фотоэлектрлік жылтырлық дәрежесін анықтауға арналған аспабы көмегімен анықталды.

#### **Қорғауға шығарылатын қағидалар:**

1. Дибутилфталатпен модификацияланған ЭД-20 және Этал-247 эпоксидті шайырларына Этал-1440Н қатайтқышын қосу арқылы созылу беріктігі сәйкесінше – 48,91 МПа және 43,92 МПа шегіне жеткізілген, өміршеңдігі – 112, 128 минутқа ұлғайтылған, тұтқырлығы – 1,89 және 0,96 Па·с болатын сұйық жабындарды алудың технологиялық әдісі әзірленді.

2. Толық түс айырмашылығын 10 ай аралығында табиғи климаттық зерттеу барысында ЭД-20 шайыры экспозиция ұзақтығының барлық уақытында небәрі 0,5-0,7% өзгеріске ұшырап, Этал-247 шайырына қарағанда 99 тәуліктен асатын тұрақтылықты көрсетіп, А диапазонында 178 МДж/м<sup>2</sup> және В диапазонында 5300 МДж/м<sup>2</sup> қоса алғанда, 6225 МДж/м<sup>2</sup>-ге дейінгі жиынтық күн радиациясының әсеріне төтеп бере отырып, жоғары түс тұрақтылығының беріктік шамасын көрсетті.

3. Дибутилфталатпен модификацияланған ЭД-20 эпоксидті шайырына 20% микрокремнеземді қосуды қамтитын әзірленген әдіс сұйық жылуоқшаулағыш жабынды қалыптастыру кезінде жылу өткізгіштік коэффициентін 0,081-0,088 Вт/(м·К) төмендету тиімділігін дәлелдеді.

4. Металл, бетон, ағаш, кірпіш және сылақ беттеріне жағылған кезде әзірленген сұйық жылуоқшаулағыш жабындар оңтайлы кеуектілікке (3-3,5%),

төмен бу өткізгіштікке (0,001 мг/м·сағ·Па), жоғары адгезиялық беріктікке (1,3-2,2 МПа), төмен жылу өткізгіштік коэффициентіне (0,08-0,1 Вт/м·К) және жабынның жылтырлығы 30-36 аралығындағы көрсеткішке ие.

# **1 ЖЫЛУОҚШАУЛАҒЫШ ҚАСИЕТТЕРІ БАР КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДЫ АЛУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІН ӘЗІРЛЕУГЕ ШОЛУ**

Дүние жүзіндегі табиғи энергетикалық қорлар таусылуға пара-пар және көптеген ғалымдар энергияның құлдырауы мүмкін болатын шекті болжайды. Сондықтан әлемдік қауымдастық алаңдаушылық тудыратын энергетикалық мәселені шешудің жолдарын іздейді. Кейбір ғалымдар экономикада жаңартылатын энергия көздерін (күн энергиясы, биоэнергетика, жел энергиясы, теңіз толқындарының энергиясы және т.б.) қарқынды пайдалануды ұсынады. Басқалары – жаңа энергия көздерін іздеуді ұсынады. Бірақ бәрі бір нәрсеге келіседі – энергияны үнемдейтін технологияларды құру, энергияны үнемдейтін өнімдерді, машиналарды, агрегаттарды, аппараттарды қолдану қажет.

Энергетикалық ресурстардың 30%-дан астамы жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге жұмсалатынын ескере отырып, құрылыс саласына ерекше назар аударылады. Энергетикалық шығындарды азайту принципі негізінде тұрғын үй, қоғамдық және өндірістік ғимараттарды жобалау, салу, пайдалану бұл мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі болып табылады [11].


Бұл жағдайлар жақсартылған өнімділігі мен қасиеттері бар жылуоқшаулағыш жабындарды жасау бойынша зерттеу бағытын таңдауға әкелді. Мұндай міндеттер қазіргі уақытта материалдардың қасиеттерін жақсартатын, жаңа материалдар мен жабындарды алудағы өңдеу мен өндірудің жаңа әдістерін қолдану арқылы шешілуі мүмкін.

Сондықтан, жылуоқшаулағыш жабындар мен материалдардың түрлерін және қолдану ерекшеліктерін қарастырайық.

## **1.1 Жылуоқшаулағыш материалдар және түрлері, жіктелуі мен қасиеттері**

Жылуоқшаулағыш материалдар – бұл әртүрлі құрылымдарда, ғимараттарда, өнеркәсіптік және энергетикалық жабдықтарда, сондай-ақ құбырларда жылуоқшаулағыш қасиеттерін қамтамасыз ету үшін қолданылатын арнайы құрылыс материалдары. Мұндай материалдардың негізгі функциясы – қоршау беттері арқылы жылу беруді азайту және осылайша объектілердің жылу қорғау қасиеттерін жақсарту. Аталған материалдардың жылу өткізгіштігі  $0,175 \text{ Вт/(м}\cdot\text{К)}$  аспайтын төмен жылу өткізгіштікке ие, бұл жылу шығынын азайтуға және қыста үй-жайларға суық ауаның енуіне жол бермеуге, сондай-ақ жаздың ыстық күндерінде үй-жайларды салқын ұстауға мүмкіндік береді [12]. Бұл материалдардың қолдану аясына байланысты шығарылу формасы, шығу тегі, шикізат түрі бойынша айырмашылықтары бар: тақталар, орамдар, көбікті, және минералды жүн, полиуретанды көбік, пенополистирол және басқалар. 1.1-суретте жабынның қалыңдығына және тығыздығына байланысты

материалдардың жылу өткізгіштік коэффициенттері мен жылу кедергісі көрсетілген [13-18].



Сурет 1.1 – Материал түрі мен қалыңдығына байланысты жылуоқшаулағыш коэффициенті және жылу кедергісінің мәндері

Аталған жылуоқшаулағыш материалдарды қолдану ғимараттар мен имараттардың энергия тиімділігін арттыру, жылыту және ауа баптауға жұмсалатын энергия шығынын азайту, сондай-ақ парниктік газдар шығарылымдарын төмендету сияқты қоршаған ортаға әсерін азайтуға мүмкіндік береді. Барлық осы жылуоқшаулағыш материалдарға қойылатын жалпы талаптар [19, 20]:

- Төмен жанғыштық – қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан қарастырылу керек. Жалпы өрт қауіпсіздігінің талаптары ҚР ҚН 2.02-01-2019 «Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі» нормаларымен айқындалады.

- Механикалық беріктік – материалдардың деформациялар мен ішкі кернеулерді тудыратын сыртқы күштердің әсерінен бұзылуға қарсы тұру қабілеті. Жылуоқшаулағыш материалдардың құрылымына, материалдың қатты негізінің беріктігіне және кеуектілік параметрлеріне байланысты сығылу, иілу, созылу беріктігі бар. Сондықтан ұсақ кеуектері бар қатты материал үлкен, біркелкі емес кеуектері бар материалға қарағанда берік.

- Тығыздық – тығыздығы 185-200 кг/м<sup>3</sup> шамасынан аспайтын ғимарат құрылымына жылуоқшаулағыш салмағынан болатын жүктемелерді сипаттайды.

- Суға төзімділік – суық және жаңбырлы климатта өте қажет қасиет. Жылуоқшаулағыш материал гидрофильді болса, оның жылуоқшаулағыш қасиеттері төмендейді. Ал су өткізбейтін оқшаулағыш ылғалмен химиялық әрекеттеспейді, сондықтан оның қасиеттері сақталады.



- Ұзақ мерзімділік бірқатар басқа қасиеттерге байланысты: химиялық, биологиялық, температура айырмашылығына төзімділік, сонымен қатар оқшаулаудың фазалық-минералогиялық және химиялық құрамының ерекшеліктері және т.б.

- Экологиялық таза – адам үнемі жылуоқшаулағыш материалдармен қорғалған бөлмелерде болғандықтан, оның биологиялық бейтарап болуы және ешқандай жағдайда улы секреция көзі болмауы өте маңызды.

Белгілі бір мақсатта қолдануға жылуоқшаулағыш материалдарды таңдағанда, оқшаулаудың оңтайлы шешімін қамтамасыз ету үшін ғимараттың немесе құрылыстың талаптарын, оның орналасқан жерін, климаттық жағдайларын, бюджетін және басқа да факторларын ескеру қажет.

Жылуоқшаулағыш материалдар келесі негізгі белгілер бойынша жіктеледі [20, бет 7]:

- Бастапқы шикізат түріне байланысты материалдар мен бұйымдар: органикалық, бейорганикалық және композициялық болып бөлінеді. Органикалық материалдар бейорганикалық шикізат қоспасынан жасалған бұйымдар болып табылады. Егер қоспадағы соңғыларының саны салмағы бойынша 50%-дан асатын болса, бейорганикалық деп жіктеледі. Композициялық материалдар бейорганикалық материалдардың қоспалары немесе органикалық және бейорганикалық шикізаттың әртүрлі композицияларынан құралады. Оларға, мысалы, құмнан, цементтен және целлюлоза талшықтарынан тұратын бетон бұйымдары немесе вулканит, диатомит, асбест және әк қоспасынан алынатын құрылымы ағаш пен цемент қалдықтарынан түзілетін арболит, фибролит бұйымдары жатады.

- Материалдар мен бұйымдар пішіні бойынша борпылдақ (минералды және басқа мақта түрлері, кеуекті толтырғыштар және т.б.), жалпақ (плиталар, төсеніштер, киіз және т. б.) және пішінді (цилиндрлер, жартылай цилиндрлер, сегменттер және т. б.), орамды болып бөлінеді.

- Материалдар мен бұйымдар құрылымы бойынша талшықты, кеуекті және түйіршікті (сусымалы) болып бөлінеді.

- Байланыстырғыш зат болуы бойынша материалдар мен бұйымдар құрамында байланыстырғыш зат бар және құрамында байланыстырғыш зат жоқ болып бөлінеді.

- Қаттылық бойынша жылуоқшаулағыш материалдар жұмсақ, жартылай қатты, қатты, қаттылығы жоғары және қаттылығы берік болып бөлінеді. Бұл айырмашылық жүктеме кезінде өнімдерді сығудың әртүрлі салыстырмалы деформациясына байланысты. Мәселен, жұмсақ материалдардың сығылуы 0,002 МПа меншікті жүктеме кезінде 30%-дан асады, ал қатты материалдардың сығылуы 0,1 МПа меншікті жүктеме кезінде 10%-ға дейін болады.

- Жылу өткізгіштігі бойынша жылуоқшаулағыш бұйымдар үш класқа бөлінеді. А классына жылу өткізгіштігі төмен материалдар ( $\lambda=0,06$  Вт/(м·К) дейін), В классы – орташа жылу өткізгіштік материалдары ( $\lambda=0,06-0,115$  Вт/(м·К)), С классы – жоғары жылу өткізгіштік материалдары ( $\lambda=0,115-0,18$

Вт/(м·К)) болып табылады. Класстарға бөлінген кезде материалдардың жылу өткізгіштік коэффициентінің мәні 25°C температурада анықталады.

- Жанғыштығы бойынша материалдар мен бұйымдар: төмен жанғыш, орташа жанғыш, қалыпты жанғыш және жоғары жанғыш болып бөлінеді.

- Тұтанғыштығы бойынша үш топқа бөлінеді: тұтануы қиын, орташа тұтанғыш және тез тұтанғыш.

Тәжірибе көрсеткендей, ғимараттар мен имараттарды жылыту кезінде жылу шығынын азайту тиімді жылуоқшаулағыш материалдарды қолдану арқылы қоршау конструкцияларының жылу кедергісін арттыру арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, жылуоқшаулағыш материалдардың мақсаты мен қолдану саласы негізінен олардың максималды қолдану температурасымен, беріктігі және деформациялық қасиеттерімен анықталады. Олардың беріктігі, өрт қауіптілігі, санитарлық қауіптілігі, қолданудың технологиялылығы мен құны да маңызды факторлар болып табылады. Аталған факторларға жауап беретін қазіргі нарықтағы өндірістегі жылуоқшаулағыш материалдарды және олардың физика-механикалық қасиеттерін зерттеу маңызды болып табылады.

## **1.2 Отандық нарықтағы заманауи жылуоқшаулағыш материалдарға аналитикалық шолу**

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда жылуоқшаулағыш материалдар өндірісінің көлемі 85 мың тоннаны құрады (2021 жылғы деңгейге қарағанда – 2,5% жоғары). Республикада жылуоқшаулағыш материалдардың негізгі өндірушілері ЖШС «ПТК IZOTHERM» (Шығыс Қазақстан облысы), ЖШС «Макинский завод теплоизоляции» (Ақмола облысы), ЖШС «МВИ» зауыты (Павлодар облысы) және басқа да бірқатар кәсіпорындар болып табылады [21].

2017-2021 жылдар аралығында қож және минералды жүн өндірісі 2 еседен астам өсті, жылуоқшаулағыш материалдардан жасалған бұйымдар өндірісі 7%-ға төмендеді. Импорттық жылуоқшаулағыш материалдарды сатумен ЖШС «ТехноНИКОЛЬ Казахстан» («ТехноНиколь» сауда маркасының тақтасы), ЖШС «Кнауф Инсулейшн Казахстан» (Knauf) және ЖШС «Сен-Гобен Строительная Продукция Казахстан» (ISOVER) құрылыс өнімімен айналысады [22].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында сұйық жылуоқшаулағыштың жалғыз өндірушісі – ЖШС «KAZNANO» бар, олар өте жұқа керамикалық жылуоқшаулағыш материалды алу үшін керамикалық толтырғыштарды пайдаланатын отқа төзімді және жылуоқшаулағыш бояулар шығарады. Сондай-ақ қазақстандық ғалымдар мен ЖШС «SAVENERGY» компаниясы ұсынған құрамы табиғи шикізаттан тұратын, елде баламасы жоқ экологиялық таза және энергия үнемдейтін вакуумдық жылуоқшаулағыш панельдер шығаратын зауытты іске қосты. Вакуумдық жылуоқшаулағыш панель бірден бірнеше қасиетке ие: жылуоқшаулағыш, гидро және дыбыс оқшаулағыш, жанбау [23]. Мұндай панельдердің жылу өткізгіштік коэффициенті 0,012 Вт/(м·К) құрайды

және белгілі бір өлшемдік параметрлерде ғана шығарылады. Материалдың сыртқы қоршалған қабығы бар болғандықтан, зақымданған кезде бастапқы жылуоқшаулағыш және т.б. қасиеттері төмендейді, яғни оларды кесуге немесе оларда тесіктер жасауға болмайды. Материал толығымен оқшаулау алаңын жабу мүмкіндігімен шектелетіндіктен, арнайы жетпеген жерлерге тапсырыс беріп бөлек өлшемдерде панельдерді жасауға мұқтаж етеді. 1.1-кестеде отандық жылуоқшаулағыш материалдардың белгілі сипаттамалары келтірілген.

Кесте 1.1 – Отандық жылуоқшаулағыш материалдардың сипаттамалары

№	Көрсеткіштің атауы	IZOTERM	МакWool	Камкор	SAVENERGY
1	Тығыздық, кг/м <sup>3</sup>	125	80	-	450-600
2	Беріктік, кПа	8-10	15-40	-	100
3	Сығымдалу, %	5	8-35	-	7-8
4	Болатқа қатысты адгезиясы, МПа	-	0,6	1,0	-
5	Бетонға қатысты адгезиясы, МПа	-	-	1,7	-
6	Жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·К)	-	-	0,001	0,012-0,019
7	Жылу беру коэффициенті, Вт/м <sup>2</sup> ·К	-	0,041		-

Отандық нарықтағы жылуоқшаулағыш материалдарға қажеттілігі 49,2%-ға Ресейден басым келетін импорт есебінен қамтамасыз етіледі (жылуоқшаулағыш материалдардың барлық импортының 90%-ға жуығы). 2021 жылы Қазақстанда барлығы 161 709 тонна қож және минералды жүн орамдар мен парақтарда, сондай-ақ 109 759,4 тонна жылуоқшаулағыш және дыбыс оқшаулағыш материалдардан жасалған бұйымдар пайдаланылды [24].


Бүгінгі таңда Ресей нарығынан «Изолат», «Корунд», «Теплос-Топ», «Тепломет», «Теплокрас», «Магнитерм», «Раум Профи», «Альтермо», «Теплокор», «Тезолат», «Керамоизол» маркаларымен жылуоқшаулағыш жабындар ретінде орналастырылған көптеген композициялық материалдар ұсынылады [25]. Бұл жабындар: «сұйық керамикалық жабын», «жылу шағылыстыратын бояу», «сұйық жылуоқшаулағыш», «жылуоқшаулағыш бояу» деп аталады, алайда олардың барлығы әртүрлі сипаттағы байланыстырғыш және қуыс микросфераларды қамтитын композициялар болып табылады [26, 27]. 1.2-кестеде осы өндірушілерге сәйкес кейбір жылуоқшаулағыш жабындардың сипаттамалары келтірілген.

Кесте 1.2 – Жылу шағылыстыратын материалдың сипаттамалары

№	Көрсеткіштің атауы	Изолат	Керамоизол	Корунд	Теплокрас	Теплометт
1	Сұйық/қатты күйдегі тығыздығы, кг/м <sup>3</sup>	600/400	800/500	-	590/780	500/750
2	Жыртылу күші, кг/см <sup>2</sup>	8	8,7	-	-	-
3	Созу кезіндегі салыстырмалы ұзаруы, %	5	2	-	8	-
4	Металға қатысты адгезиясы, МПа	-	0,6	1,2	1,5	-
5	Бетонға қатысты адгезиясы, МПа	1,25	1,0	1,28	1,84	-
6	Жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·К)	0,0025	0,0025	0,0012	-	-
7	Жылу беру коэффициенті, Вт/м <sup>2</sup> ·К	-	1,5	1,5	-	-
8	Бу өткізгіштік коэффициенті, мг/м·сағ·Па	0,012	0,02	0,013	-	0,001-0,6
9	Беткі қабатының 24 сағат ішінде су сіңіруі, г/см <sup>2</sup>	0,03	0,08	0,02	-	0,4

1.1, 1.2-кестелерді көріп отырғанымыздай, нарықтағы жылуоқшаулағыш материалдардың толық характеристикалары келтірілмеген және олар біркелкі нормативтік құжаттармен сипатталмаған. Аталған жылу шағылыстыратын маркалардың бұл өнімдері қарапайым бояуға ұқсайтын ақ түсті суспензия болып табылады, оны бояуға және кез-келген бетке қолдануға болады. Кептіруден кейін 24 сағат қажет, дәстүрлі оқшаулағыштармен салыстырғанда ерекше жылуоқшаулағыш қасиеттеріне ие және коррозияға қарсы қорғанысты қамтамасыз ететін серпімді полимерлі жабын пайда болады. Бұл оны қатты жылуоқшаулағыштың басқа стандартты нұсқалары қолданылмайтын жерде қолдануға мүмкіндік береді. Үлкен артықшылығы – сұйық жылуоқшаулағыш құрылымға жүктемені арттырмайды.

Жылуоқшаулағыш материалдар жылу энергетикасында, құрылыс саласында кең таралған. Оның көмегімен құбырлар, шатырлар, қабырғалар, бетон едендер мен қасбеттер, балкондар және т.б. өңделеді. Ғимараттар мен имараттарды жауын-шашыннан, температураның өзгеруінен, сондай-ақ қабырғаларда көгеру мен саңырауқұлақтардың пайда болуынан сенімді қорғайды. Оқшаулағыш қоспаны қолданудың арқасында құрылымның қызмет ету мерзімі едәуір артады, сонымен қатар жылыту шығындары азаяды. Сонымен қатар, жылуоқшаулағыш бояу материалдарын кез-келген бетке (бетон, керамика, ағаш, сылақ немесе металл) қолдануға болады. 1.2-суретте сұйық жылуоқшаулағыш жабынның (СЖОЖ) дәстүрліден айырмашылығы көрсетілген.



Сурет 1.2 – Орамдық және тақталық беттердегі сұйық және классикалық жылуоқшаулағыштарды салыстыру

Жылуоқшаулағыш бояуды қолданудың жылуоқшаулағыш әсеріне қуыс микросфералардың көптігі арқылы қол жеткізіледі – жылу энергиясының жоғалуы әдеттегі конвекцияға байланысты азаяды. 2 мм қабатты өте жұқа жылуоқшаулағыштың жылу тиімділік көрсеткіші 100 мм минералды жүннің жылу үнемдеу қабілетіне сәйкес келеді [28].

СЖОЖ – бұл әдетте полимерлі байланыстырғыштан, қуыс микросфералардан, функционалды қоспалардан және қажет болған жағдайда пигменттерден тұратын композиция. Материалдың консистенциясы қалың бояуға ұқсайды және оны кез келген бетке жабын ретінде қолдануға болады. Кептірілгеннен кейін жоғары жылуоқшаулағыш, дыбысоқшаулағыш және коррозияға қарсы қасиеттері бар серпімді полимерлі жабын пайда болады. Материал бояуға арналған щеткамен, роликпен немесе төмен қысымды бүріккіш пистолетпен қабатталады.

Техникалық сипаттамалары мен қолдану ерекшеліктері сұйық жылуоқшаулағыштың келесі артықшылықтары туралы айтуға мүмкіндік береді [29]:

- Материалдың төмен жылу өткізгіштігі (0,01-0,015 Вт/(м·К)) – оқшаулағыш қабат минималды болған жағдайда жылуды сақтаудың жақсы әсерін қамтамасыз етеді;

- жабынның үздіксіздігі – оқшаулау қабаты үздіксіз ажырамастан жағылады және қол жеткізуге қиын жерлерді толығымен жабады;

- экологиялық таза – ішкі жұмыстарға арналған композициялар мүлдем қауіпсіз, улы емес;


- қолданудың қарапайымдылығы – технологиялық процесс мүмкіндігінше жеңілдетілген, қымбат жабдық пен құрылыс тәжірибесін қажет етпейді;

- ылғалға төзімділік – микроорганизмдердің, саңырауқұлақтардың, көгерудің пайда болуына қарсы тұру;

- жұмыс температурасының кең диапазоны – жабын көптеген аяздарға төтеп береді және +220°C температурада физикалық қасиеттерін сақтайды;

- тамаша адгезия – металл, ағаш, пластик, кірпіш және т.б. беттер үшін қолдануға болады.

Сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың негізгі міндеті – жылудың жоғалуын немесе құрылымның қабырғалары немесе беті арқылы жылудың енуін болдырмауға қабілетті тиімді жылуоқшаулағыш қабатын құру. 1.3-суретте сұйық жылуоқшаулағыш жабынның жұмыс принципі көрсетілген.



Сурет 1.3 – СЖОЖ жұмыс принципі

Сұйық жылуоқшаулағыш жүйесінің жұмыс принципі жылу беру, жылу өткізгіштік, шағылысу және жылу қабылдау сияқты физика принциптеріне негізделген. Сұйық оқшаулағыштың жұмыс принципі олардың инфрақызыл сәулеленуінің 95%-на дейін таратылу және түскен жарық сәулелерінің 75%-на дейін шағылыстыру қабілетіне ие жылу тосқауылын жасау болып табылады. Бұл қасиеттер сұйық жылуоқшаулағыштарға үй-жайлардың жылуоқшаулағышымен қатар, оларды күн радиациясынан және жазда қызып кетуден қорғаумен тиімді күресуге мүмкіндік береді [30].

Белгілі жылуоқшаулағыш материалдардың сипаттамаларын зерттеу барысында әртүрлі әдістерді қолдана отырып, белгілі аналогтардың нақты жылу өткізгіштік коэффициенті әрдайым мәлімделген мәнге сәйкес келмейтіні анықталды [31].

Жылудан қорғайтын материалдардың маңызды көрсеткішінің бірі әртүрлі тербелістерде пайда болатын жарықтардың алдын алу үшін созылу кезіндегі салыстырмалы ұзару болып табылады. Белгілі жылудан оқшаулағыш жабындардың сипаттамаларын талдау бұл көрсеткіш 9-дан 11%-ға дейін екенін көрсетті, ал бұл көрсеткіш температураның айтарлықтай төмендеуі мен дірілдің әсерінен жабынның біртектілігін сақтау үшін жеткіліксіз болып табылады. Сондықтан тақырыпты зерттеудегі міндеттердің бірі – жылуоқшаулағыш жабынның физика-механикалық көрсеткіштері, оның ішінде созылу кезіндегі салыстырмалы ұзарту көрсеткіштері. Жылуоқшаулағыш жабынның физика-механикалық көрсеткіштері әдебиеттік деректер көрсетіп отырғандай, қолданылатын байланыстырғыш түріне тәуелді болып табылады.

### **1.3 Жылуоқшаулағыш композициялық жабындарды әзірлеудің теориялық және практикалық негіздері**

Қазақстан Республикасында материалтану саласымен айналысатын кәсіпорындар мен ғылыми ұйымдар болашағы бар материалдар жасауды және жаңа технологиялық процестерді қолдануды, сондай-ақ өнеркәсіптің әртүрлі салалары үшін бәсекеге қабілетті өндірістерді әзірлеуді қамтитын ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі заманғы сын-қатерлеріне тап болады.

Материалтану саласындағы отандық ғалымдар ғылыми зерттеулер саласына, әсіресе наноматериалдар, қорғаныс жабындарын алу, инновациялық технологияларды әзірлеу мен енгізуге елеулі үлес қосты. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде жаңа технологиялардың дамуына және түрлі салаларда озық материалдарды қолдануға алып келетін елеулі жетістіктер бар. Әзірленген наноматериалдар наноөлшемді деңгейде бірегей қасиеттері мен құрылымына ие, бұл материалдардың көптеген физикалық және химиялық сипаттамаларын жақсартуға мүмкіндік береді [32-40]. Сондай-ақ, материалтану саласының маңызды бөлігінің бірі – құрылыс саласындағы материалдарды оңтайландыру және тиімді технологияларды қолдану болып табылады.

Сыртқы қабырғалардың жылу беруіне төзімділіктің жоғары талаптары жылуоқшаулағыш құрылымдық материалдардың [41], мысалы, ұялы бетон, полистиролды бетон [42, 43], сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың [44] дамуы және қасиеттерін жақсарту белсенділігінің артуына әкелді. Қазіргі уақытта термиялық қорғаныс талаптары полистерол, полистеролбетон, көбікті және газды бетон өнімдері және т. б. сияқты полимерлерге негізделген құрылымдарды ғана қанағаттандырады. Мысал ретінде, тығыздығы  $250-350 \text{ кг/м}^3$  болатын сипаттамаларға сәйкес, полистиролбетонның жылу өткізгіштік коэффициентінің мәндері  $0,08-0,1 \text{ Вт/(м}\cdot\text{К)}$  құрайды, бірақ мұндай тығыздықта қабырға материалының беріктігі  $0,7$ -ден  $1,2 \text{ МПа}$ -ға дейін төмен [45-48]. Қоршау

құрылымдарында торлы бетондарды [49, 50] тиімді пайдалану жеткілікті, олардың сөзсіз артықшылығы төмен жылу өткізгіштігі болып табылады. Алайда, көбікті пен газдалған бетонның бірқатар кемшіліктері бар, мысалы, қатаю кезінде айтарлықтай шөгу деформациясы, жарыққа төзімділігі төмен болып табылады. Кейбір ғалымдардың еңбектеріне сәйкес, бұл кемшіліктерді дисперсті күшейту арқылы жоюға болады [51-53], бірақ бұл соңғы өнімнің қымбаттауына әкеледі. Ұялы және кеуекті бетондардың бір түрі – шыны қалдықтарына негізделген бетондар [54-56], олар сәйкесінше 500 және 800 кг/м<sup>3</sup> тығыздықта 2,5 МПа дейін беріктікке ие. Алайда, ұялы бетон өнімдерін пайдалану аз қабатты құрылыста немесе рамалық типтегі үйлерде ғана мүмкін болады.

Көбікті шыны [57], көбікті керамика [58] және көбікті немесе газды бетон негізіндегі жылу өткізгіштік коэффициенті 0,08-0,22 Вт/(м·К) [59] диапазонында болатын жоғары тиімді қабырға материалдарының әзірлемелері бар, бірақ бұл материалдардың қолдану аясы да олардың беріктігімен шектелген, сонымен қатар көбікті немесе газды бетоннан тұрғызылған қабырға құрылымы қосымша гидрооқшаулағышты қажет етеді, өйткені ылғал осы өнімдердің жылуоқшаулағыш сипаттамаларын координаталық түрде төмендетеді.

Көбікті шыны, көбікті керамика және көбікті немесе газды бетон құрылыста қолданылатын жеңіл бетондардың әртүрлі түрлері болып табылады. Көбікті шыны – беріктігі және жақсы жылу және дыбысоқшаулағыш қасиеттері бар, тығыздығы төмен кеуекті көбікті шыны материалы болып табылады. Көбікті керамика – сазды немесе сазды қоспаларды көбіктендіруден алынған жеңіл массалы керамикалық материал, жоғары беріктікке, жылу мен дыбыс оқшаулағышқа ие. Көбікті немесе газды бетон – кеуекті құрылымы ауа көпіршіктерін енгізу арқылы қол жеткізілетін, тығыздығы төмен, беріктігі жоғары, жылу және дыбыс өткізбейтін жеңіл бетон материалы. Бұл материалдар құрылыста оқшаулау, қабырғалар мен бөлімдер тұрғызу үшін кеңінен қолданылады [60].

Тиімді жылуоқшаулағыш қабырға материалдарын әзірлеу және қолдану саласындағы елеулі жетістіктерге қарамастан, біздің еліміздің көптеген өңірлер үшін осы материалдардан жасалған бір қабатты қабырғалар қажетті жылу беру кедергісіне қол жеткізуді қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан құрылыс өндірісінің тәжірибесіне тиімді жылуоқшаулағыш материалдары бар көп қабатты қабырға құрылымдары енгізілді [61-67].

Үш қабатты құрылымдардың ортаңғы қабаты ретінде әртүрлі жылуоқшаулағыш материалдарды қолдануға болады. Отандық нарықта бастапқы шикізат түрімен, құрылымымен, қалпымен, техникалық және жылу-физикалық сипаттамаларымен ерекшеленетін жылуоқшаулағыш материалдардың кең ассортименті ұсынылған [68].

Алдыңғы жылдардағыдай, отандық нарықтағы тұтыну құрылымында шыны және базальт талшықтары, минералды және қож жүніне негізделген жылуоқшаулағыш бұйымдарды қамтитын талшықты материалдар басым болды [69], монтаждау кезінде талшықты жылуоқшаулағыш материалдар ылғалдан



қосымша қорғауды қажет етеді, өйткені бұл материалдар ылғал талшықтарының құрылымына енген кезінде жылуоқшаулағыш сипаттамалары үйлестірілген түрде өзгереді.

Нарықтың 20%-дан астамы жылуоқшаулағыш көбікті материалдар, негізінен оларға полистирол көбік және полиуретанды көбік жатады. Полимерлі жылуоқшаулағыш материалдардың негізгі кемшілігі ультракүлгін сәулелеріне төзімсіздігі болып табылады [70].

Зерттеу нәтижелері бойынша жалпы түс айырмасы үшін коэффициенттерінің сандық мәндері  $\Delta E_{ab}^*$  экспозиция басталғаннан ЭД-20 шайыры үшін бастапқы өзгерістер 45 тәулікте, ал 45÷300 тәулік барысында 0,5÷0,8 шамасында ғана өзгеріс қалпын көрсетті. Алайда Этал-247 шайыры 78÷99 тәулік арасында біркелкі қарқындылықты көрсетіп, кейін 100 тәуліктен соң күрт қасиеттерінің төмендеуін көрсетті. Сәйкесінше ЭД-20 үшін жиықтық күн радиациясының 750÷3020 арасында тұрақтылық көрсетсе, Этал-247 осы аралықта бұзылу процесіне ұшырады. А және В диапазондарының жиынтық ультракүлгін сәулеленуіне байланысты ең жоғары өзгерістерді Этал-247 А диапазонында 27÷152 аралығында және В диапазонында 500÷3150 аралығында көрсетті. ЭД-20 бұл аралықтарда тұрақтылықтың 0,5%-ын көрсетті.


Жалпы түс айырмасы үшін (2.17) теңдеу коэффициенттерінің сандық мәндері  $\Delta E_{ab}^*$  және түс реңінің айырмасы  $\Delta H_{ab}^*$  сәйкесінше 3.8, 3.9-кестелерде келтірілген. 0,72-ден 0,98-ге дейінгі диапазондағы жалпы түс айырмашылығы үшін өзгеретінін анықтау коэффициенттерінің мәндері алынған модельдердің жеткілікті жоғары сенімділігін көрсетеді. Уақыты және актинометриялық параметрлеріне ( $Q$ ,  $U_A$  and  $U_B$ ) байланысты  $\Delta H_{ab}^*$  үшін  $R^2$  мәні декоративті көрсеткіштердің ең аз өзгерісі ЭД-20+Этал-1440Н композициясы үшін 0,79÷0,96 диапазонында ғана өзгереді. ЭД-20 және Этал-247 эпоксидті шайырларының Этал-1440Н қатайтқышымен қатайтылған кездегі табиғи-климаттық зерттеу барысында экспозиция уақытының әсерін, жалпы күн радиациясының қарқындылығы, А және В диапазондарының ультракүлгін сәулеленуінің табиғи сәулеленген ЭШ  $\Delta E_{ab}^*$  түс айырмашылығы әсерін спектрофотометр көмегімен сипаттайтын 2 бөлімде келтірілген теңдеу мәндеріне қою арқылы теңдеу коэффициенттерінің мәндерінің өзгерісі 3.8-кестеде келтірілген.

Кесте 3.8 – ЭШ  $\Delta E_{ab}^*$  түс айырмашылығы әсерін (спектрофотометр) сипаттайтын теңдеу коэффициенттерінің мәндері

Қатайтқыш түрі	Қарастырылатын фактор	Теңдеу коэффициенттерінің мәндері (2.17)			
		$\alpha_x$	$\beta_x$	$\gamma_x$	$R^2$
1	2	3	4	5	6
ЭД-20 эпоксидті шайыры					
Этал – 1440Н	T, тәулік	$8,22 \times 10^{-1}$	$1,99 \times 10^{-1}$	37954	0,947
	Q, МДж/м <sup>2</sup>	1,16	$9,80 \times 10^{-2}$	31989	0,932
	$U_A$ , МДж/м <sup>2</sup>	1,56	$9,60 \times 10^{-2}$	7914	0,932
	$U_B$ , кДж/м <sup>2</sup>	1,82	$3,90 \times 10^{-2}$	56088	0,904
Этал-247 эпоксидті шайыры					
Этал – 1440Н	T, тәулік	$6,00 \times 10^{-4}$	2,12	242	0,844
	Q, МДж/м <sup>2</sup>	$5,00 \times 10^{-4}$	1,52	1758	0,955
	$U_A$ , МДж/м <sup>2</sup>	$2,50 \times 10^{-3}$	2,37	89,3	0,973
	$U_B$ , кДж/м <sup>2</sup>	$3,60 \times 10^{-3}$	1,29	1240	0,972

Қарастырып отырған  $\Delta E_{ab}^*$  толық түс айырмашылығынан бөлек  $\Delta H_{ab}^*$  түс реңінің айырмашылығын сипаттайтын мәндерді де зерттеген жөн. Түс беріктігінің сипаттамасы осы екі шамаға тәуелді болғандықтан екі жағдай да жұмыста қарастырылады.

Эд-20 және Этал-247 эпоксидті шайырына негізделіп Этал-1440Н қатайтқышымен қатайтылған полимерлердің  $\Delta H_{ab}^*$  түс реңінің айырмашылығының экспозиция ұзақтығына, жиынтық күн радиациясына, А диапазонның және В диапазонының жиынтық ультракүлгін сәулеленуіне байланысты климаттық факторлардың әсерінен экспозиция кезінде өзгеруі 3.13-суретте келтірілген.



а – экспозиция ұзақтығы; ә – жиынтық күн радиациясы; б – А диапазонның жиынтық ультракүлгін сәулеленуі; в – В диапазонының жиынтық ультракүлгін сәулеленуі;

Сурет 3.13 – Эд-20 және Этал-247 эпоксидті шайырына негізделген полимерлердің  $\Delta H_{ab}^*$  түс реңінің айырмашылығының климаттық факторларға әсерінен экспозиция кезінде өзгеруі

Түс реңін зерттеу нәтижелері уақыты және актинометриялық параметрлеріне ( $Q$ ,  $U_A$  and  $U_B$ ) байланысты  $\Delta H_{ab}^*$  үшін  $R^2$  мәні декоративті көрсеткіштердің ең аз өзгерісі ЭД-20+Этал-1440Н композициясы үшін  $0,34 \div 0,49$  диапазонында ғана өзгереді. Этал-247+Этал-1440Н бастапқы нүктеден бастап қарқынды өзгеріске ұшырағанмен бірге  $0,79 \div 0,96$  диапазондарында тұрақсыздық көрсетті.

Экспозиция уақытының әсерін, жалпы күн радиациясының қарқындылығы, А және В диапазондарының ультракүлгін сәулеленуінің табиғи сәулеленген ЭШ  $\Delta H_{ab}^*$  түс реңінің айырмашылығына әсерін спектрофотометр көмегімен сипаттайтын 2 бөлімде келтірілген теңдеу мәндеріне қою арқылы теңдеу коэффициенттерінің мәндерінің өзгерісі 3.9-кестеде келтірілген.


Кесте 3.9 – ЭШ  $\Delta H_{ab}^*$  түс реңінің айырмашылығына әсерін (спектрофотометр) сипаттайтын теңдеу коэффициенттерінің мәндері

Қатайтқыш түрі	Қарастырылатын фактор	Теңдеу коэффициенттерінің мәндері (2.18)			
		$\alpha_x$	$\beta_x$	$\gamma_x$	$R^2$
1	2	3	4	5	6
ЭД-20 эпоксидті шайыр					
Этал – 1440Н	T, тәулік	$1,92 \times 10^{-1}$	$3,14 \times 10^{-1}$	38292	0,802
	Q, МДж/м <sup>2</sup>	$3,03 \times 10^{-1}$	$1,67 \times 10^{-1}$	65902	0,807
	$U_A$ , МДж/м <sup>2</sup>	$4,98 \times 10^{-1}$	$1,66 \times 10^{-1}$	11801	0,809
	$U_B$ , кДж/м <sup>2</sup>	$5,88 \times 10^{-1}$	$8,3 \times 10^{-2}$	40498	0,824
Этал-247 эпоксидті шайыр					
Этал – 1440Н	T, тәулік	$8,00 \times 10^{-4}$	1,77	292	0,913
	Q, МДж/м <sup>2</sup>	$1,84 \times 10^{-2}$	$7,48 \times 10^{-1}$	2608	0,929
	$U_A$ , МДж/м <sup>2</sup>	$4,47 \times 10^{-2}$	1,15	111,5	0,919
	$U_B$ , кДж/м <sup>2</sup>	$4,00 \times 10^{-2}$	$6,87 \times 10^{-1}$	1636	0,904

Толық түс айырмашығын зерттеу барысында ЭД-20 шайырына қарағанда Этал-247 шайырының тұрақсыздығы және ұзақмерзімсіздігінің шамасы 76 тәулік, жиынтық күн радиациясы шегі – 2100 МДж/м<sup>2</sup>, А және В диапазондарының шамасы сәйкесінше 76 МДж/м<sup>2</sup> және 1150 МДж/м<sup>2</sup>-тан кейін бұзылуды көрсетті. Салыстырмалы түрде 3.14-суретте келтірілгендей ЭД-20 экспозиция ұзақтығының барлық уақытында 0,5-0,7% өзгеріске ғана ұшырады және тұрақтылығы Этал-247 қарағанда 99 тәулікке артық, жиынтық күн радиациясына 6225 МДж/м<sup>2</sup>-ге дейін, А диапазоны бойынша 178 МДж/м<sup>2</sup>, В диапазоны бойынша 5300 МДж/м<sup>2</sup>-ге дейін түс айырмашылығының беріктік шамасын көрсетті.

ЭД-20 және Этал-247 эпоксидті шайырына негізделіп Этал-1440Н қатайтқышымен қатайтылған полимерлердің  $\Delta E_{смүкн}$  толық түс

айырмашылығының экспозиция ұзақтығына, жиынтық күн радиациясына, А диапазонның және В диапазонының жиынтық ультракүлгін сәулеленуіне байланысты климаттық факторлардың әсерінен экспозиция кезінде өзгеруі 3.14-суретте келтірілген.



а – экспозиция ұзақтығы; ә – жиынтық күн радиациясы; б – А диапазонның жиынтық ультракүлгін сәулеленуі; в – В диапазонының жиынтық ультракүлгін сәулеленуі;

Сурет 3.14 – Эд-20 және Этал-247 эпоксидті шайырына негізделген полимерлердің  $\Delta E_{сму\kappa\eta}$  толық түс айырмашылығының климаттық факторларға әсері

«Бояу жабындарының түс компоненттерін статистикалық талдау» бағдарламасын пайдалану қымбат жабдықты пайдалануды қажет етпейді (сканерлеуді кәдімгі планшеттік сканердің көмегімен алуға болады), бұл оны полимерлі және олардың негізіндегі жабындардың колориметриялық сипаттамаларын бағалау кезінде ең қолайлы етеді. Адам көзімен

кабылданбайтын критикалық мәнді ескере отырып ( $\Delta E_{ab}^* \leq 2,75$ ), тікелей сканерлеу әдісін пайдаланған кезде ұқсас  $\Delta E_{CMYKN}$  параметрі 0,18-ден аспауы керек.

Экспозиция уақытының әсерін ( $T$ ), жалпы күн радиациясының қарқындылығы ( $Q$ ), табиғи климаттық жағдайларда экспозицияланған ЭШ түсінің жалпы  $A$  ( $U_A$ ) және  $B$  ( $U_B$ ) диапазондарының айырмашылығына ультракүлгін сәулеленуін (тікелей сканерлеу әдісімен) сипаттайтын (2.22) теңдеу коэффициенттерінің мәндері 3.10-кестеде келтірілген.

Кесте 3.10 – ЭШ  $\Delta E_{CMYKN}$  толық түс айырмашылығына әсерін сипаттайтын теңдеу коэффициенттерінің мәндері

Қатайтқыш түрі	Қарастырылатын фактор	Теңдеу коэффициенттерінің мәндері (2.22)			
		$\alpha_x$	$\beta_x$	$\gamma_x$	$R^2$
1	2	3	4	5	6
ЭД – 20 эпоксидті шайыры					
Этал – 1440Н	$T$ , тәулік	$6,49 \times 10^{-3}$	$5,58 \times 10^{-1}$	513	0,375
	$Q$ , МДж/м <sup>2</sup>	$1,74 \times 10^{-2}$	$2,45 \times 10^{-1}$	8282	0,773
	$U_A$ , МДж/м <sup>2</sup>	$3,63 \times 10^{-2}$	$2,41 \times 10^{-1}$	481	0,773
	$U_B$ , кДж/м <sup>2</sup>	$4,29 \times 10^{-2}$	$1,27 \times 10^{-1}$	13719	0,810
Этал – 247 эпоксидті шайыры					
Этал – 1440Н	$T$ , тәулік	$4,00 \times 10^{-4}$	1,34	352	0,946
	$Q$ , МДж/м <sup>2</sup>	$3,00 \times 10^{-4}$	0,1	2130	0,962
	$U_A$ , МДж/м <sup>2</sup>	$4,70 \times 10^{-3}$	1,10	109	0,954
	$U_B$ , кДж/м <sup>2</sup>	$2,20 \times 10^{-4}$	1,16	1360	0,871

Жүргізілген табиғи-климаттық зерттеулердің нәтижелерінен ең жоғары оқшаулағыш-сәндік қасиеттерді салыстырмалы түрде ЭД-20 эпоксидті шайыры негізінде Этал-1440Н-мен қатайтылған құрамы көрсеткендігі анықталды. Этал-247 эпоксидті шайыры және Этал-1440Н қатайтқышымен қатайтылған композицияларға негізделген жабындар 10 ай ішінде табиғи климаттық әсер ету процесінде түстің ең үлкен өзгергіштігімен сипатталады.

Ұсынылған математикалық модель эпоксидті жабындардың сәндік сипаттамаларын табиғи экспозиция ұзақтығына, жиынтық күн радиациясына және  $A$  және  $B$  диапазондарының ультракүлгін сәулелеріне байланысты өзгерту процесін жоғары сенімділікпен сипаттауға мүмкіндік береді. Ең сәндік төзімді жабындар ЭД-20+Этал-1440Н композицияларының негізінде алынатыны математикалық модельдеу барысында анықталды.

Сонымен қатар, модифицирленген эпоксидті шайыр негізіндегі сұйық жабындардың жылуоқшаулағыш қасиетін зерттеу мақсатында жабын қабатын әртүрлі қалыңдықта жағу арқылы олардың жылуөткізгіштік көрсеткіштері



анықталды және анықталған жылу өткізгіштік коэффициенттері 3.11-кестеде келтірілген.

Кесте 3.11 – Модифицирленген эпоксидті шайыр негізіндегі сұйық жабын үлгілерінің жылуөткізгіштік көрсеткіштері


Қолданылатын қабаттардың қалыңдығы, мм	Жылу өткізгіштік коэффициенті $\lambda_{сж}$ , Вт/(м·К)
0,98	0,263
1,87	0,163

Кестеде көрсетілгендей сұйық жабын қабатының жылуөткізгіштік коэффициенттері 0,98 мм қалыңдықтан 1,87 мм қалыңдыққа өскен кезінде 0,1 Вт/(м·К) көрсеткішіне артық мән көрсетті.

Зерттеу барысында алынған сұйық композиттердің жылуөткізгіштік коэффициенттерінің көрсеткіштері жылуоқшаулағыш қасиетке сәйкес келмегендіктен және сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың жылуөткізгіштік коэффициенттері 0,1 Вт/(м·К) шамасынан төмен болуға тиіс екендігін ескере отырып, аталған шайырлы сұйық композиттерге жылуоқшаулағыш қасиеттерді беру мақсатында құрамында микрокремнезем бар жаңа сұйық жылуоқшаулағыш жабындарды өңдеу көзделді.

### 3.4 Жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізінде полимерлі жылуоқшаулағыш жабындарды әзірлеу

Құрамында қатайтқышы бар, маркасы ЭД-20 болатын эпоксидті шайыр микрокремнеземмен тоқтаусыз араластыру арқылы 3.15-суретте көрсетілгендей дисперсиялық әдісімен алынды.



Сурет 3.15 – Микрокремнеземді толтырғышты енгізу арқылы эпоксидті полимерлі шайыр композитінің түзілу схемасы


СЖОЖ құрамындағы микрокремнеземнің оңтайлы құрамын анықтау үшін толтырғыштың құрамы массадан 20-50%-ға дейін дайындалды. Толтырғыш компонентті таңдау критерийлері қатайтылған жабынның тығыздық мәндерін төмендету және алынған СЖОЖ эксперименттік және есептік жылуөткізгіштік коэффициенттері бойынша анықталды. 3.12-кестеде алынған композиттердің құрамындағы байланыстырғыш пен толтырғыш мөлшерінің әсері және пайда болған технологиялық қасиеттері сипатталған.

Кесте 3.12 – СЖОЖ құрамындағы байланыстырғыш пен толтырғыш ара қатынасының әсері және қасиеттері

СЖОЖ атауы	СЖОЖ құрамы, %		Тығыздығы, $\rho_{\text{СЖОЖ}}$ , г/см <sup>3</sup>	$\lambda_{\text{экс}}$ , Вт/(м·К)	$\lambda_{\text{есеп}}$ , Вт/(м·К)
	ЭД-20	Микрокремнезем			
<b>ЭШ:МК-20</b>	<b>80</b>	<b>20</b>	<b>0,68</b>	<b>0,081</b>	<b>0,088</b>
ЭШ:МК-30	70	30	0,63	0,081	0,087
ЭШ:МК-40	60	40	0,61	0,079	0,085
ЭШ:МК-50	50	50	0,54	0,078	0,081

Кестеден толтырғыш құрамы 20% құраған жағдайда алынған СЖОЖ жылуөткізгіштік коэффициенті жақсы мәнге ие және тығыздығы да сәйкесінше сұйық бояудың қасиетін жоғалтпайтынын көреміз.

Сонымен қатар, эпоксидті шайыр мен микрокремнеземнің ең тиімді құрам-қатынасын анықтау мақсатында эпоксидті-микрокремнеземді композиттердің төрт түрлі үлгілері дайындалып, микрокремнеземнің шайыр бетінде біркелкі таралуын анықтау және микроқұрылымын бағалау үшін 3.16-суретте көрсетілгендей сканерлеуші электронды микроскопия әдісі қолданылды.




Сурет 3.16 – Өртүрлі қатынастағы композиттердің сканерлеуші электронды микроскопиясының (СЭМ) графиктері

Тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде ЭД-20:МК композиттерінде микрокремнеземнің пайыздық үлесі ұлғайған сайын, шайырдың жеткіліксіз мөлшері микрокремнеземнің бір-біріне жабысып, қалдық көпіршіктерінің көбеюіне, композиттерде алшақтық пайда болуына, сонымен қатар механикалық араластыру, қалыптау және қатайту кезінде көптеген қиындықтар туындауына әкеліп соқты. Сонымен қатар, эксперименталдық және есептік жылуөткізгіштігін анықтау барысында жылуөткізгіштік коэффициенті басқа қатынастарға қарағанда төмен көрсеткішке – 0,081-0,088 Вт/(м·К) ие. Бұл алынған композиттерді жылуоқшаулағыш жабын ретінде қолдануда тиімді екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижесінде ЭД-20:МК композитінде 80:20 қатынаста ең тиімді, оптималды құрам екені дәлелденді. Сонымен қатар, бұл қатынаста микрокремнеземнің полимер матрицасында біркелкі таратылғаны байқалды.

Эпоксидті шайырдың ЭД-20, Этал-1440Н қатайтқыштың және микрокремнезем бөлшектерінің функционалды топтарының арасындағы байланысты зерттеу үшін 3.17-суретте көрсетілгендей ИҚ спектрлік талдау әдісі қолданылды. Таза эпоксидті шайырдың (ЭД-20), қатайтқыштың (Этал-1440Н) және толтырғыш микрокремнеземнің инфрақызыл спектрлері көрсетілген.



Сурет 3.17 – Таза эпоксидті шайырдың (ЭД-20), қатайтқыштың (Этал-1440Н) және микрокремнеземді толтырғыштың ИҚ спектрлері


Таза эпоксидті шайырдың (ЭД-20) инфрақызыл спектрі 4000 см<sup>-1</sup>-ден 400 см<sup>-1</sup>-ге дейінгі диапазонда эпоксидті сақинаны сіңірудің екі тән шыңын көрсетті. 915 см<sup>-1</sup>-дегі өткір шың, анықтамалық шың, оксидан сақинасының С–О деформациясына сәйкес келеді, ал 1051 см<sup>-1</sup>-де орналасқан екінші жолақ эпоксидті топтың С–О–С созылуын, ал 3037 см<sup>-1</sup>-дегі басқа жолақ оксидан

сақинасының C-H метиленнің деформациясына жатады [140]. 1509  $\text{cm}^{-1}$  және 1608  $\text{cm}^{-1}$  шамасындағы анықтамалық шыңдар C-C хош иісті қосылыстардың созылу тербелістеріне сәйкес келеді, 2920  $\text{cm}^{-1}$  және 2964  $\text{cm}^{-1}$  сәйкесінше C-H –  $\text{CH}_2$  - және C-H– $\text{CH}_3$  созылу тербелістерімен байланысты [141, 142].

Аминді қатайтқыштың ИҚ-спектрінде Этал-1440Н бастапқы амин тобына сәйкес келетін 650-900  $\text{cm}^{-1}$  аймағында кең сіңіру жолақтарын бекітеді. Бастапқы аминдер сонымен қатар 3300-3500  $\text{cm}^{-1}$  аймағында екі сіңіру жолағымен сипатталады. Сол аймақта поликонденсация кезінде пайда болатын қайталама гидроксил топтарының кең сіңіру жолағы (3200-3500  $\text{cm}^{-1}$ ) жүзеге асырылады.

Микрокремнеземнің силанол тобының күшті және кең Si-O шыңдарына (950-1100  $\text{cm}^{-1}$ ) және -ОН (3000-3780  $\text{cm}^{-1}$ ) шыңдарына байланысты силанның функционалды топтары ИҚ спектрі арқылы анықталды.

Таза эпоксидті шайыр (ЭД-20) мен эпоксидті-микрокремнеземді композит үлгілерінің ИҚ спектрлері 3.18-суретте көрсетілді.




Сурет 3.18 – Таза эпоксидті шайыр(ЭД-20) мен эпоксидті-микрокремнеземді композиттердің ИҚ спектрлері

Сипаттамалық ерекшеліктер 915  $\text{cm}^{-1}$ -де эпоксидті сақинаның азаюы және толығымен дерлік жойылуы және 1610  $\text{cm}^{-1}$ -де N-H созылуы эпоксидті сақинаның толық ашылу реакциясын растайды, қатаю процесінде соңғы эпоксидті топтарды қатайтқышпен айқастырып, нәтижесінде үш өлшемді айқаспалы тор пайда болады [143]. 1237  $\text{cm}^{-1}$ -де сіңіру шыңының болуы эпоксидті сақинаның амин тобының қатайтқышымен айқасуы нәтижесінде пайда болған C-N созылуына байланысты болды [144, 145].

Зерттеу нәтижесінде эпоксидті-микрокремнеземді композиттердің спектрлерінде 824  $\text{cm}^{-1}$ , 1075  $\text{cm}^{-1}$  және 1143  $\text{cm}^{-1}$  шыңдары Si-OH иілу


тербелістерінің болуымен, кремний диоксиді толтырғышының Si–O–Si тербелістерінің созылуымен және кремний диоксидінің эпоксидті шайырмен Si–O–C байланысының түзілгендігі байқалды ( $1124\text{ см}^{-1}$ ) (3.19-сурет).



Сурет 3.19 – Микрокремнезем мен эпоксидті шайыр арасындағы байланыстың түзілу схемасы

Эпоксидті шайыр мен эпоксидті-микрокремнеземді композит үлгілерінің микроқұрылымының СЭМ микрографтары эпоксидті шайыр матрицасы мен кремний диоксиді толтырғыштарының фазааралық өзара әрекеттесуіндегі айырмашылықты және микрокремнезем толтырғыштары бар эпоксидті композиттердің морфологиялық және құрылымдық қасиеттерінің корреляциясын көрсетеді.

Эпоксидті шайырдың (3.20а-сурет) тегіс бетімен салыстырғанда (3.20ә-сурет) суретте көрсетілгендей жарылған беттердің кедір-бұдырлығының жоғарылауы эпоксидті матрицаға микрокремнеземді толтырғыштардың енгізілуін растайды [146].



а – эпоксидті шайыр; ә – қатайтылған ЭШ/МК композиті;

Сурет 3.20 – Эпоксидті шайыр мен эпоксидті-микрокремнеземді композиттің СЭМ графиктері


Суретте көрсетілген микрографтар эпоксидті матрицадағы микрокремнеземнің қанағаттанарлықтай біркелкі дисперсиясын көрсетеді, бұл микрокремнезем бөлшектерінің қатайған эпоксидті матрицамен жақсы араласуын және микро бөлшектерін қоршап тұрған бос орындардың болмауын білдіреді.

Микрокремнезем бар эпоксидті композиттердің микрографтарын бақылай отырып, жақсы дисперсті модификацияланған микрокремнеземді эпоксидті матрицаға толығымен енгізіліп, қабыршақтанбайтын бөлшектерсіз интерфейстерде жоғары адгезиялық қасиетін, сонымен қатар, микрокремнезем қатайтылған матрицамен жақсы деңгейде өзара әрекеттескендігін көрсетті.

Матрица мен микрокремнезем арасындағы күшті фазааралық адгезия эпоксидті топтардың толтырғыш бетінде орналасқан Si–ОН топтарымен реакциясына байланысты болуы мүмкін, сондықтан бөлшектер матрицадан қабыршақтанбауына немесе полимердегі бос орындардың өсуіне жол бермейді [147, 148].

120°C-тан төмен температурада салмақ жоғалтпау салдарынан, үлгілерді өңдеу кезінде еріткіштер мен қалдық сулардың мөлшерінің сәтті алынып тасталуы байқалды. Шамамен 240°C температурада күрделі эфирлі байланыстың бөліну салдарынан біртіндеп ыдырау басталды. Изомеризация, тізбекті тасымалдау, молекулаішілік циклизация реакциялары және ыдыраудың бірінші сатысында болатын басқа радикалды реакциялар олардың 200-400°C температурада болатын массаның жоғалуының екінші сатысында ыдырауына әкелді [149, 150].

Алынған материалдардың нақты қызмет ету мерзімі ішінде термиялық деформацияға қасиетін бағалау мақсатында зерттерулер жүргізілді. Эпоксидті шайыр мен эпоксидті-микрокремнеземді композит TGA термограммалары 3.21-суретте көрсетілген.



Сурет 3.21 – Эпоксидті шайыр мен эпоксидті-микрокремнеземді композиттің TGA термограммалары

Эпоксидті-микрокремнеземді композиттің термиялық ыдырау температурасы микрокремнеземсіз эпоксидті шайыр үлгісімен салыстырғанда барлығы үшін жоғары мәндерге ауысқаны анықталды, бұл кремнеземді толтырғыштардың қатайтылған шайырдың термиялық тұрақтылығының жоғарылауына әсерін тигізетінін көрсетті.

Бұл байқалатын құбылыс жоғары температурада эпоксидті шайыр матрицасының жылуоқшаулағыш қасиетін қамтамасыз ететін кремний диоксиді бөлшектерінің төменгі беттік энергиясымен түсіндіруге болады [54]. Микробөлшектер бар шайырлы композиттің эпоксидті шайырға қарағанда жоғары термиялық тұрақтылығын көрсетеді.

Бұл зерттеулер шайырдың кремний диоксиді микробөлшектерінің кеуектеріне еніп, термиялық тұрақтылықтылығын, яғни ыстыққа төзімділігінің арттыратын өзара тор түзетінін дәлелдеді.

Сонымен, жылуоқшаулағыш материалдар алу мақсатында маркасы ЭД-20 болатын эпоксидті шайырға микрокремнезем толтырғышын енгізу арқылы эпоксидті композиті өңделді.

Эпоксидті шайыр мен микрокремнеземнің ең тиімді құрам-қатынасын анықтау мақсатында эпоксидті-микрокремнеземді композиттердің төрт түрлі үлгілері дайындалды. Микрокремнеземнің шайыр бетінде біркелкі таралуын анықтау және микроқұрылымын бағалау үшін сканерлеуші электронды микроскопия әдісі қолданылды. Зерттеу нәтижесінде МК:ЭД-20 композитінде 20:80 қатынаста ең тиімді, оптималды құрам екені дәлелденді. Сонымен қатар, бұл қатынаста микрокремнеземнің полимер матрицасында біркелкі таратылғаны байқалды.

Эпоксидті шайырдың ЭД-20, Этал-1440Н қатайтқыштың және микрокремнезем бөлшектерінің функционалды топтарын зерттеу үшін ИҚ спектрлік талдау әдісі қолданылды. Зерттеу нәтижесінде эпоксидті-микрокремнеземді композиттердің спектрлерінде Si–ОН иілу тербелістерінің болуымен, кремний диоксиді толтырғышының Si–O–Si тербелістерінің созылуымен және кремний диоксидінің эпоксидті шайырмен Si–O–C байланысының түзілгені байқалады.

Эпоксидті шайыр мен эпоксидті-микрокремнеземді композит үлгілерінің микроқұрылымының СЭМ микрографтары эпоксидті шайыр матрицасы мен кремний диоксиді толтырғыштарының фазааралық өзара әрекеттесуіндегі айырмашылықты және микрокремнезем толтырғыштары бар эпоксидті композиттердің морфологиялық және құрылымдық қасиеттерінің корреляциясын көрсетті. Микрокремнезем бөлшектері эпоксидті матрицаға толығымен енгізіліп, қабыршақтанбайтын бөлшектерсіз интерфейстерде жоғары адгезиялық қасиетін, сонымен қатар, микрокремний диоксиді бөлшектері қатайтылған матрицамен жақсы деңгейде өзара әрекеттескендігін көрсетті.

Эпоксидті шайыр мен эпоксидті-микрокремнеземді композит үлгілерінің нақты қызмет ету мерзімі ішінде термиялық деформацияға қасиетін бағалау мақсатында жүргізілген зерттеулер нәтижесі TGA термограммаларымен

анықталды. Бұл зерттеулер шайырдың кремний диоксиді микробөлшектерінің кеуектеріне еніп, термиялық тұрақтылықтылығын, яғни ыстыққа төзімділігінің арттыратын өзара тор түзетінін дәлелдеді.

### **Үшінші тарау бойынша тұжырым**

1. Тандалған микрокремнеземдардың химиялық құрамы, бөлшектердің пішіні, өлшемдері зерттелді;

2. Микрокремнезем бөлшектерінің гранулометриялық құрамы бойынша ұқсас және бөлшектерінің өлшемдері екі аралықта өзгеретіндігі, яғни Өтесай диатомитінен алынған аморфты микрокремнезем үшін 0,325-0,451 мкм және 1,690-642,954 мкм, табиғи диатомит – 0,291-1,215 мкм және 1,690-642,954 мкм, ақ күйе – 0,291-0,975 мкм және 1,690-63,792 мкм, FRONT-VIP толтырғыш ұнтағы – 0,291-0,975 мкм және 3,271-1931,947 мкм болатындығы дәлелденді;

3. Салыстыру кезінде 200-500 нм аралығындағы ең ұсақ бөлшектер Өтесай диатомитінен алынған аморфты микрокремнеземде болатыны анықталды.

4. Физика-механикалық көрсеткіштер кешені бойынша ең перспективті шайырдың екі түрі, яғни ЭД-20 және Этал-247 оның қатайтқышы ретінде Этал-1440Н анықталды.

5. Эпоксидті композиттің Этал-247+Этал1440Н созылу беріктігінің шегі – 48,91 МПа, ал ЭД-20+Этал-1440Н композитінің созылу беріктігінің шегі – 43,92 МПа жеткізілді.

6. Эпоксидті шайыр композиттерінің табиғи климаттық факторлар әсеріне түс беріктігі зерттелу барысында оқшаулағыш жабын алу үшін байланыстырғыштың оңтайлы маркасы ретінде ЭД-20 анықталды;

7. Зерттеу нәтижесінде ЭД-20:МК композитінде 80:20 қатынаста ең тиімді, оптималды құрам екендігі және жылуөткізгіштік коэффициенті басқа қатынастарға қарағанда төмен көрсеткішке – 0,081-0,088 Вт/(м·К) ие екендігі дәлелденді.



## 4 АЛЫНҒАН ЖАБЫНДАР ҚАСИЕТІНІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

### 4.1 Әр түрлі беттерде қалыптасқан жабын материалының қасиеттерін анықтау нәтижелері

Микрокремнезем негізіндегі сұйық жылуоқшаулағыш жабындар жылу шығынын азайтады және ұзақ мерзімді қорғаныс үшін әртүрлі беттерге жоғары адгезияға ие болуы тиіс. Олардың жылуоқшаулағыш қасиеттері жылу сәулеленуінің бірнеше шағылысуы мен таралуын қамтамасыз ететін кеуекті құрылыммен, сондай-ақ тиімді жылу оқшаулауын қамтамасыз ететін материалдың төмен жылу өткізгіштігімен және жоғары жылу сыйымдылығымен анықталады.

Алынған сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың әртүрлі беттерге қолданған кездегі кеуектілік, бу өткізгіштік, адгезиялық беріктік, жылу өткізгіштік коэффициенті, жабын жылтырлық дәрежесінің мәндері 4.1-кестеде келтірілген.

Кесте 4.1 – Сұйық жылуоқшаулағыш үлгілерінің сипаттамалары

Зерттеу түрлері	Сұйық жылуоқшаулағыш жабын сыналған беттер					Қажетті шамаларға сәйкестігі
	Металл	Бетон	Ағаш	Кірпіш	Сылақ	
Кеуектілік, %	3	3,5	3,5	3,5	3,5	Сұйық жылуоқшаулағыш жабындарға сәйкес 2,5-4%
Бу өткізгіштік, мг/м·сағ·Па	0,001	0,001	0,001	0,001	0,001	Төмен бу өткізгіштікке сәйкес
Жылу өткізгіштік Вт/(м·К)	0,1	0,09	0,09	0,08	0,08	0,1-ден төмен материалдар жылуоқшаулағыш жабын екенін дәлелдейді
Жабындардың жылтырлық дәрежесі	30	35	35	36	36	Жартылай жылтыр бояуға сәйкес келеді
Адгезиялық беріктік, МПа	2,0	2,2	2,2	2,1	1,3	Желімді тектес композицияларға сәйкес

Сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың металл, бетон, ағаш, кірпіш, сылақ беттеріне қолданылған кезде эксплуатациялық жағынан тиімді қасиеттері – кеуектілік, бу өткізгіштік, адгезиялық беріктік, жылу өткізгіштік коэффициенті, жабын жылтырлық дәрежесінің мәндері анықталды. Алынған мәндер кеуектілігі – 3-3,5%, бу өткізгіштік – 0,001 мг/м·сағ·Па, жылу өткізгіштік – 0,08-0,1 Вт/(м·К), жабындардың жылтырлық дәрежесі 30-36, адгезиялық беріктік – 1,3-2,2 МПа аралықтарын көрсетті. Бұл мәндер алынған СЖОЖ-ның қасиеттерінің сұйық жылуоқшаулағыш жабынға сәйкес келетінін дәлелдейді [151,152].

#### 4.2 Эпоксидті шайыр негізіндегі жабындардың ұзақмерзімділігі

Эпоксидті композицияларға негізделген жабындарды сәндік жабын және оқшаулағыш функцияларын орындауы үшін керек жағдайларда қолданған жөн.

Жабындарға әсер ететін сыртқы орта жабын материалының беріктігіне әсер етеді. Ең алдымен агрессивті орталардың әсерінен композиттің байланыс аймағындағы когезиялық беріктігі өзгереді.

Жабын материалының адгезиялық беріктігін өзгеру процесін зерттеу үшін эксперименттік зерттеулер жүргізілді, оның мақсаты құрамында хлор (Cl) иондары, сульфат қосылыстары (SO<sub>4</sub>) бар ортаның әрекет ету жағдайында бетон негізіне қолданылатын эпоксидті композициялардың адгезиялық беріктігін төмендету заңдылықтарын зерттеу болды. Эксперимент нәтижелері 4.2-кестеде келтірілген.

Кесте 4.2 – Адгезиялық беріктіктің (МПа) құрамында иондары бар ерітінділердің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі: Cl; SO<sub>4</sub>

Ортада әсер ететін ион түрі	Сынақ режимінің параметрлері			Ортаның әсер ету мерзімі, тәулік.					
	Шоғырлану, мг/м <sup>3</sup>	Т, °С	Салыстырмалы ылғалдылық, %	0	30	60	180	360	540
SO <sub>4</sub>	75	35	75	1,6	1,3	1,2	1,2	1,2	1,2
Cl	100	50	75	1,6	1,3	1,2	1,1	1,0	0,8

Эксперименттік деректерді талдаудан мыналар шығады: құрамында сульфат типті иондары бар ерітінділердің әсерінен колматация әсерінің көрінуіне байланысты деградация процесінің өздігінен тежелуі мүмкін; құрамында хлор иондары бар ерітінділердің әсерінен колматация әсері байқалмайды, сондықтан жабынның ажырауы мүмкін.

### 4.3 Жұқадисперсті минералды жүйелер негізінде сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың жылу өткізгіштігіне әсер ететін негізгі кұрылымдық параметрлерді анықтау

Әзірленетін сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың бәсекеге қабілеттілігін растайтын негізгі техникалық параметрлер:

- сұйық күйдегі тығыздық – 0,8 кг/см<sup>3</sup> аспайды;
- қатты күйдегі тығыздық – 0,5 кг/см<sup>3</sup> аспайды;
- жабынның адгезиясы (бөліну күші тұрғысынан) – 1-1,5 МПа;
- жылу өткізгіштік (MEMСТ 7076-99 бойынша) – 0,1 Вт/(м·К) аспайды.

Өндіріске әзірленген композицияларды енгізу жоғары температураның (жылу кұбырлары үшін) және климаттық факторлардың (қасбеттер, шатырлар және т. б. үшін) ұзақ әсер етуі үшін эксперименттік зерттеулерді қажет етеді.

Әр түрлі қалыңдықтағы СЖОЖ жылу-физикалық көрсеткіштерін анықтау үшін ұсынылған әдістемені қолданамыз. Қабаттар саны мен жабын қалыңдығының жылу өткізгіштік коэффициентіне әсерін анықтау үшін қалыңдығы 150×150 мм және қалыңдығы 3 мм шыныға қалыңдығы шамамен 1 мм жылуоқшаулағыш жабынның 6 қабаты дәйекті түрде 24 сағат аралықта кептірумен қолданылды. Әр кезеңде «ИТС-1» аспабының көмегімен эквивалентті көрсеткіштер анықталды: жылу ағынының тығыздығы, жылу кедергісі және үш қабатты үлгілердің жылу өткізгіштік коэффициенті. Алынған нәтижелер 4.3-кестеде келтірілген.

Кесте 4.3 – Сұйық жылуоқшаулағыш жабынның қабаттары мен қалыңдығына байланысты үш қабатты үлгілердің жылу-физикалық көрсеткіштерін өлшеу

Қолданылатын қабаттардың қалыңдығы, мм	Жылу ағынының эквивалентті тығыздығы $q_{\text{ЭКВ.}}$ , Вт/м <sup>2</sup>	Баламалы жылу кедергісі $R_{\text{ЭКВ.}}$ , м <sup>2</sup> ·К/Вт	Эквивалентті жылу өткізгіштік коэффициенті. $\lambda_{\text{ЭКВ.}}$ , Вт/(м·К)	Жылу өткізгіштік коэффициенті $\lambda_{\text{СЖОЖ}}$ , Вт/(м·К)
1,01	142,4	0,043	0,163	0,0358
1,99	125,9	0,049	0,163	0,0581
2,94	118,7	0,060	0,149	0,0651
4,08	114,0	0,072	0,140	0,0713
4,87	106,6	0,083	0,131	0,0714
5,98	104,0	0,096	0,125	0,0739

Алынған деректерді талдаудан (4.2-4.5-суреттер) жылуоқшаулағыш қабаттың қалыңдығына байланысты үш қабатты жазық үлгілердің жылу


ағынының эквивалентті тығыздығы логарифмдік тәуелділікпен сипатталатыны анықталды:

$$q_{\text{ЭКВ}} = 141,94 - 21,36 \cdot \ln(\delta_{\text{СЖОЖ}}) \quad (4.1)$$


Эквивалентті жылу кедергісі және жылу беру коэффициенті сызықтық теңдеулер бойынша анықталды:

$$R_{\text{ЭКВ}} = 0,0292 + 0,0109 \cdot \delta_{\text{СЖОЖ}} \quad (4.2)$$


$$\lambda_{\text{ЭКВ}} = 0,1747 - 0,0085 \cdot \delta_{\text{СЖОЖ}} \quad (4.3)$$




Сурет 4.2 – Жылу ағынының эквивалентті тығыздығының өзгеруі оптикалық қабаттың қалыңдығына байланысты үш қабатты үлгі



Сурет 4.3 – СЖОЖ қабатының қалыңдығына байланысты үш қабатты үлгінің эквивалентті жылу кедергісін өзгерту



Сурет 4.4 – Оптикалық қабаттың қалыңдығына байланысты үш қабатты үлгінің жылу өткізгіштігінің эквивалентті коэффициентін өзгерту



Сурет 4.5 – Жабынның қалыңдығына байланысты сұйық жылуоқшаулағыштың жылу өткізгіштік коэффициентінің өзгеруі

Жалпы қалыңдығы 6 мм болатын 2 шыны сынамасының жылу ағынының тығыздығы, жылу кедергісі және жылу өткізгіштігі сәйкесінше: 230,7 Вт/м<sup>2</sup>, 0,0148 м<sup>2</sup>·К/Вт және 0,4053 Вт/(м·К).

Қаптаманың қалыңдығы 1-ден 6 мм-ге дейін ұлғайған кезде бұл көрсеткіш 0,0358-ден 0,0739 Вт/(м·К)-ге дейін өскені анықталды. Қаптау қалыңдығының жоғарылауымен  $\delta_{\text{СЖОЖ}}$ -тің ең үлкен өзгерісі 1÷2 мм аралыққа қарағанда қалыңдығы 4÷6 мм аралықта жабындар үшін көрсеткіштің тұрақтандырылуы тіркелді. Бұл көрсеткіштің зерттелетін аралықтағы вариация коэффициенті 22,9% құрайды. Зерттелетін жабын қалыңдығы аралығының тарылуы 9,43% – 2÷6 мм үшін; 5,363% – 3÷6 мм үшін; 2,01% – 4÷6 мм үшін; 2,37% – 5÷6 мм үшін оның айтарлықтай төмендеуіне әкелді.

Нәтижелер ИТС-1 жылу өткізгіштік өлшегішін қолдануға негізделген бұл әдіс жұқа жылуоқшаулағыш жабындардың жылу сипаттамаларын бағалау үшін перспективті екенін көрсетеді. Ең тұрақты пайдалану сипаттамаларын алу үшін қалыңдығы 3÷6 мм жылуоқшаулағыш жабындарды зерттеу және қолдану ұсынылды [153,154].

4.4-кестеде көрсетілгендей, модифицирленген эпоксидті шайыр негізіндегі сұйық жабын мен құрамында микрокремнезем бар сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың жылуөткізгіштік коэффициенттерін салыстыра келе, жұқа дисперсті минералды түйіршікті жүйе негізіндегі жылуоқшаулағыш жабынның жылуөткізгіштік көрсеткіші жылуоқшаулағыш материалдарға сай қанағаттанарлық нәтиже көрсетті.

Кесте 4.4 – Сұйық жабындардың жылуөткізгіштік коэффициенттері

Жабын атауы	1 мм қалыңдықтағы эквивалентті жылу өткізгіштік коэффициенті $\lambda_{\text{ЭКВ.}}, \text{Вт}/(\text{м}\cdot\text{К})$	2 мм қалыңдықтағы эквивалентті жылу өткізгіштік коэффициенті $\lambda_{\text{ЭКВ.}}, \text{Вт}/(\text{м}\cdot\text{К})$
СЖОЖ	0,1	0,08
СЖ	0,263	0,163

Алынған нәтижелерге сәйкес сұйық жылуоқшаулағыш жабын толтырғышсыз сұйық жабынға қарағанда жылуөткізгіштік коэффициенті орташа есеппен 0,123 Вт/(м·К)-ге жоғары қасиетті көрсетті.

Жұқа дисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізіндегі әзірленген сұйық жылуоқшаулағыш жабындар жақсы физика-химиялық және механикалық қасиеттерге ие. Соны негізінде аталған жабындар жылу энергетикасы және өнеркәсіп (қазандықтар, құбырлар, мұнай сақтауға арналған резервуарлар, тоңазытқыш жабдықтары, компрессорлық жабдықтар және т. б.), құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық секторы (қабырға құрылымдары, шатырлар, монолитті плиталардың ұштары, шатыр жабындары және т. б.) және көлік (тоңазытқыш автомобильдер, жолаушылар көлігі, теміржол вагондары, теңіз және өзен кемелері, әуе көлігі және т.б.) салаларында қолдану мүмкіндігін туындатады.

#### 4.4 Жылуоқшаулағыш жабындар өндірісінің болжамды техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Диссертациялық жұмысты орындау барысында минералды түйіршікті жүйелердің жұқа дисперсті толтырғыштары – микрокремнезем негізінде жылуоқшаулағыш жабындарды жасау мүмкіндігі расталды. Бұл толтырғыштың пайдасына таңдау олардың жоғары жылуоқшаулағыш сипаттамаларына, сондай-ақ Қазақстанның көптеген аймақтарында диатомит кен орындарының болуына байланысты болды.

Жылуоқшаулағыш жабындарды өндірудің техникалық-экономикалық көрсеткіштері өндірістің тиімділігін және оның экономикалық орындылығын анықтайтын маңызды параметрлер болып табылады. Бұл көрсеткіштерге өндіріс процесінің техникалық аспектілері ғана емес, сонымен қатар шикізат пен материалдар шығындары, еңбек шығындары, энергия шығындары, сондай-ақ өнімді сатудан түскен кірістер сияқты қаржылық көрсеткіштер де кіреді.

Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді жан-жақты талдау нарықта максималды тиімділік пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете отырып, жылу оқшаулағыш жабындар өндірісін дамытудың оңтайлы стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді. 4.5-кестеде әзірленген композицияларды өндірудің өзіндік құны көрсетілген. Өндірісте қолданылатын материалдардың құны 2023 жылдың нақты бағасымен қабылданды.

Кесте 4.5 – Жылуоқшаулағыш жабындардың әзірленген құрамдарының өзіндік құнын есептеу

№	Шығындардың атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігінің бағасы, тг.	Микрокремнезем негізіндегі қосылыстар		Дереккөздер
				Калькуляция бірлігіне шығын нормасы	Калькуляциялық бірлікке арналған шығындар, тг.	
1	2	3	4	5	6	
1	ЭД-20	кг	3200	0,60	1920	[155]
	Этал-1440Н	кг	1650	0,40	656	[156]
	Бутанол	л	1800	0,10	180	[157]
	Микрокремнезем	кг	150	0,20	30	[158]
	Барлығы:				2786	
2	Қосымша материалдар	тг			500	
3	Өндіріс орны, 20 м <sup>2</sup>		2 ч	55,5	111	
Барлығы					3397	

Орындалған есептеулерге сәйкес, ұсынылған қоспалардың зауыттық құны литріне 3397 теңгені құрайды. Әзірленген жылуоқшаулағыш материал ASTRATEC

НГ компаниясы ұсынғаннан 61% арзан [159], ол 1 литр үшін 5490 тг бағамен сатылатыны анықталды. Бұл нарықтағы ұсыныстармен салыстырғанда айтарлықтай жақсы ұсыныс болып табылады.

### **Төртінші тарау бойынша тұжырым**

1. Сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың металл, бетон, ағаш, кірпіш, сылақ беттеріне қолданылған кезде эксплуатациялық жағынан тиімді қасиеттері – кеуектілік, бу өткізгіштік, адгезиялық беріктік, жылу өткізгіштік коэффициенті, жабын жылтырлық дәрежесінің мәндері анықталды. Алынған мәндер кеуектілігі – 3-3,5%, бу өткізгіштік – 0,001 мг/м·сағ·Па, жылу өткізгіштік – 0,08-0,1 Вт/(м·К), жабындардың жылтырлық дәрежесі – 30-36, адгезиялық беріктік – 1,3-2,2 МПа аралықтарын көрсетті. Бұл мәндер алынған СЖОЖ-ның қасиеттерінің сұйық жылуоқшаулағыш жабынға сәйкес келетінін дәлелдеді.

2. Жабындарға әсер ететін сыртқы орта жабын материалының беріктігі анықталды. Құрамында сульфат типті иондары бар ерітінділердің әсерінен колматация әсерінің көрінуіне байланысты деградация процесінің өздігінен тежелуі мүмкін, ал құрамында хлор иондары бар ерітінділердің әсерінен колматация әсері байқалмайтыны анықталды.

3. Қаптаманың қалыңдығы 1-ден 6 мм-ге дейін ұлғайған кезде бұл көрсеткіш 0,0358-ден 0,0739 Вт/(м·К)-ге дейін өскені анықталды. Қаптау қалыңдығының жоғарылауымен  $\delta_{\text{СЖОЖ}}$ -тің ең үлкен өзгерісі 1÷2 мм аралыққа қарағанда қалыңдығы 4÷6 мм аралықта жабындар үшін көрсеткіштің тұрақтандырылуы тіркелді. Бұл көрсеткіштің зерттелетін аралықтағы вариация коэффициенті 22,9% құрайды. Зерттелетін жабын қалыңдығы аралығының тарылуы 9,43% – 2÷6 мм үшін; 5,363% – 3÷6 мм үшін; 2,01% – 4÷6 мм үшін; 2,37% – 5÷6 мм үшін оның айтарлықтай төмендеуіне әкелді.

4. Жылуоқшаулағыш қасиеттері бар микрокремнезем мен эпоксидті шайыр негізінде алынған полимерлі композициялардың ұзақмерзімділігі, физикалық қасиеттері және экономикалық-технологиялық тиімділігі анықталды.



## ҚОРЫТЫНДЫ

**Диссертациялық зерттеулер нәтижелері бойынша келесідей қорытындылар жасалды:**

1. Ғимараттар мен имараттарды жылыту кезінде жылу шығынын азайту тиімділігі жылуоқшаулағыш материалдарды қолдану арқылы арқылы жүзеге асырылады. Дәстүрлі жылуоқшаулағыш материалдармен салыстырғанда сұйық жылуоқшаулағыш жабындар шіру мен көгерудің пайда болуына жол бермейді, ұзақ қызмет ету мерзіміне ие, күрделі конструкция элементтеріндегі қолжетімсіз жерлерде де жылуоқшаулағыш қасиеттерін арттыруға мүмкіндік береді және конструкция элементтеріне жүктеме түземейді, сонымен қатар эксплуатациялық жұмыстарды орындау кезінде еңбек шығындарын айтарлықтай төмендетеді;

2. Сұйық жылуоқшаулағыш материалдарды алу үшін эпоксид шайырдың екі түрі таңдалды: ЭД-20 және Этал-247, ал қатайтқыштар ретінде Этал-1440Н, Этал-1460, Этал-45М және ПЭПА. Сұйық жылуоқшаулағыш материалдарды алу барысында микрокремнеземдардың мына түлері зерттелмеген: Өтесай кен орнынан алынған микрокремнезем, конденсацияланған микрокремнезем, ақ күйе, FRONT-VIP толтырғыш ұнтағы;

3. Микрокремнезем бөлшектерінің гранулометриялық құрамы бойынша ұқсас және бөлшектерінің өлшемдері екі аралықта өзгеретіндігі, яғни Өтесай диатомитінен алынған аморфты микрокремнезем үшін 0,325-0,451 мкм және 1,690-642,954 мкм, табиғи диатомит – 0,291-1,215 мкм және 1,690-642,954 мкм, ақ күйе – 0,291-0,975 мкм және 1,690-63,792 мкм, FRONT-VIP толтырғыш ұнтағы – 0,291-0,975 мкм және 3,271-1931,947 мкм болатындығы дәлелденді;

4. Салыстыру кезінде 200-500 нм аралығындағы ең ұсақ бөлшектер Өтесай кен орны диатомитінен алынған аморфты микрокремнеземде болатыны анықталды;

5. Физика-механикалық көрсеткіштер кешені бойынша ең перспективті шайырдың екі түрі, яғни ЭД-20 және Этал-247 оның қатайтқышы ретінде Этал-1440Н анықталды. Эпоксидті композиттің Этал-247+Этал1440Н созылу беріктігінің шегі – 43,92 МПа, максималды жүктемедегі салыстырмалы ұзаруы – 3,60% болатыны анықталды. Ал ЭД-20+Этал-1440Н композитінің созылу беріктігінің шегі – 48,91 МПа, максималды жүктемедегі салыстырмалы ұзаруы – 3,80% жеткізілді. Нәтижесінде полимерлі композициялы сұйық жабындарын алуда Этал-1440Н қатайтқышы қолданылды.

6. Эпоксидті шайыр композиттерінің табиғи климаттық факторлар әсеріне түс беріктігінің зерттелуі барысында сұйық жылуоқшаулағыш жабын алу үшін байланыстырғыштың оңтайлы маркасы ретінде небәрі 0,5-0,7% өзгеріске ұшыраған ЭД-20 шайыры анықталды;

7. Зерттеу нәтижесінде ЭД-20:МК композитінде 80:20 қатынаста ең тиімді, оптималды құрам екендігі және жылуөткізгіштік коэффициенті басқа қатынастарға қарағанда жақсы көрсеткішке – 0,081-0,088 Вт/(м·К) ие екендігі дәлелденді;

8. Сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың металл, бетон, ағаш, кірпіш, сылақ беттеріне қолданылған кезде эксплуатациялық жағынан тиімді қасиеттері – кеуектілік, бу өткізгіштік, адгезиялық беріктік, жылу өткізгіштік коэффициенті, жабын жылтырлық дәрежесінің мәндері анықталды. Алынған мәндер кеуектілігі – 3-3,5%, бу өткізгіштік – 0,001 мг/м·сағ·Па, жылу өткізгіштік – 0,08-0,1 Вт/(м·К), жабындардың жылтырлық дәрежесі 30-36, адгезиялық беріктік – 1,3-2,2 МПа аралықтарын көрсетті. Бұл мәндер алынған СЖОЖ-ның қасиеттерінің сұйық жылуоқшаулағыш жабынға сәйкес келетінін дәлелдеді;

9. Қаптаманың қалыңдығы 1-ден 6 мм-ге дейін ұлғайған кезде бұл көрсеткіш 0,0358-ден 0,0739 Вт/(м·К)-ге дейін өскені анықталды. Қаптау қалыңдығының жоғарылауымен  $\delta_{\text{СЖОЖ}}$ -тың ең үлкен өзгерісі 1÷2 мм аралыққа қарағанда қалыңдығы 4÷6 мм аралықта жабындар үшін көрсеткіштің тұрақтандырылуы тіркелді. Бұл көрсеткіштің зерттелетін аралықтағы вариация коэффициенті 22,9% құрайды. Зерттелетін жабын қалыңдығы аралығының тарылуы 9,43% – 2÷6 мм үшін; 5,363% – 3÷6 мм үшін; 2,01% – 4÷6 мм үшін; 2,37% – 5÷6 мм үшін оның айтарлықтай төмендеуіне әкелді;

10. Жылуоқшаулағыш қасиеттері бар микрокремнезем мен эпоксидті шайыр негізінде алынған полимерлі композициялардың ұзақмерзімділігі, физикалық қасиеттері және экономикалық-технологиялық тиімділігі анықталды.

Алынған нәтижелер жұқадисперсті минералды түйіршікті жүйелер негізіндегі сұйық жылуоқшаулағыш жабындарды алудағы фундаменталды және қолданбалы материалтануда маңызды болып табылады.

### **Қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалау**

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қойылған міндеттердің орындалғанын көрсетті:

1. Полимерлі композицияларды алу кезінде ЭД-20 және Этал-247 эпоксидті шайырларына қосылатын қатайтқыш ретінде Этал-1440Н таңдалды. Композициялардың бөлме температурасындағы өміршеңдігі сәйкесінше – 112, 128 минут аралығында және тұтқырлығы – 1,89 және 0,96 көрсеткіштерді көрсетті, сонымен қатар, созылу беріктігінің шегі – 48,91 және 43,92 МПа көрсетті. Бұл нәтижелер полимерлі композициялы сұйық жабындарын алуда Этал-1440Н-ді қатайтқыш ретінде қолдануға мүмкіндік береді;

2. Толық түс айырмашылығын 10 ай аралығында табиғи климаттық зерттеу барысында ЭД-20 шайырына қарағанда Этал-247 шайырының тұрақсыздығы және ұзақмерзімсіздігінің шамасы 76 тәулік, жиынтық күн радиациясы шегі – 2100 МДж/м<sup>2</sup>, А және В диапазондарының шамасы сәйкесінше 76 МДж/м<sup>2</sup> және 1150 МДж/м<sup>2</sup>-тан кейін бұзылуды көрсетті. Салыстырмалы түрде ЭД-20 шайыры экспозиция ұзақтығының барлық уақытында 0,5-0,7% өзгеріске ғана ұшырады және тұрақтылығы Этал-247 шайырына қарағанда 99 тәулікке артық, жиынтық күн радиациясы 6225 МДж/м<sup>2</sup>-ге дейін, А диапазоны бойынша 178 МДж/м<sup>2</sup>, В диапазоны бойынша 5300 МДж/м<sup>2</sup>-ге дейін түс айырмашылығының беріктік шамасын көрсетті. Бұл

нәтижелер полимерлі сұйық жабындарын алуда байланыстырғыш үшін ЭД-20 шайырын пайдану қолайлы екендігін көрсетті;

3. Физика-химиялық зерттеулердің нәтижелері жылуоқшаулағыш материалдарды әзірлеу үшін микрокремнезем мен эпоксидті шайырдың оңтайлы арақатынасы сәйкесінше 20:80% құрайтынын көрсетті. Эпоксидті-микрокремнеземді композиттердің ИҚ спектрлерінде микрокремнеземнің Si–OH функционалдық тобы мен эпоксидті шайырдың оксиран тобы арасында Si–O–C жаңа функционалдық тобының пайда болғаны байқалды. Эпоксидті шайыр мен эпоксидті-микрокремнеземді композит TGA термограммалары композиттің термиялық ыдырау температурасы микрокремнеземсіз эпоксидті шайыр үлгісімен салыстырғанда жоғары мәндерге ауысқаны анықталды. Шамамен 240°C температурада күрделі эфирлі байланыстың бөліну салдарынан біртіндеп ыдырау басталды. Бұл зерттеулер эпоксидті шайырдың микрокремнезем микробөлшектерінің кеуектеріне еніп, термиялық тұрақтылығын, яғни ыстыққа төзімділігін арттыратын өзара тор түзетінін дәлелдеді;

4. Сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың металл, бетон, ағаш, кірпіш, сылақ беттеріне қолданылған кезде эксплуатациялық жағынан тиімді қасиеттері – кеуектілік, бу өткізгіштік, адгезиялық беріктік, жылу өткізгіштік коэффициенті, жабын жылтырлық дәрежесінің мәндері анықталды. Алынған мәндер кеуектілігі – 3-3,5%, бу өткізгіштік – 0,001 мг/м·сағ·Па, жылу өткізгіштік коэффициенті – 0,08-0,1 Вт/(м·К), жабындардың жылтырлық дәрежесі – 30-36, адгезиялық беріктік – 1,3-2,2 МПа аралықтарын көрсетті. Бұл мәндер нормативтік құжаттар бойынша сұйық жылуоқшаулағыш жабынға сәйкес келетінін дәлелдейді. Сонымен қатар, сұйық жылуоқшаулағыш жабын толтырғышсыз сұйық жабынға қарағанда жылуөткізгіштік коэффициенті 0,123 Вт/(м·К)-ге жоғары қасиетті көрсетті.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми жұмыстар диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұнын көрсетеді және оларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Жарияланған ғылыми жұмыстардың тізімі А қосымшасында көрсетілген, барлық жұмыстарға диссертация мәтінінде сілтемелер бар.

#### **Зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша ұсыныстар**

Осы зерттеудің нәтижелері ғимараттарды, құрылыстарды және жылумен жабдықтау жүйелерін салу кезінде энергия тиімділігін жақсарту мақсатында қазіргі заманғы құрылыс саласында енгізуге мүмкіндік береді. Олардың тұрғын үйлерге де, өнеркәсіптік кәсіпорындарға да жылу шығындарын айтарлықтай төмендету мүмкіндігі бар.

Зерттеу нәтижелерін қолданудың негізгі бағыттары:

- Жылу энергетикасы және өнеркәсіп (қазандықтар, құбырлар, мұнай сақтауға арналған резервуарлар, тоңазытқыш жабдықтары, компрессорлық жабдықтар және т. б.);

- Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық секторы (қабырға құрылымдары, шатырлар, лоджиялар, монолитті плиталардың ұштары, шатыр жабындары және т. б.);

- Көлік (тоңазытқыш автомобильдер, жолаушылар көлігі, теміржол вагондары, теңіз және өзен кемелері, әуе көлігі және т.б.).

#### **Енгізудің техникалық-экономикалық тиімділігін бағалау**

Сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың алу тиімділігінің болжамды техникалық-экономикалық есебі жасалды. Сұйық жылуоқшаулағыш жабындардың зауыттық құны литріне 3397 теңгені құрайды, бұл өз кезегінде нарықтағы СЖОЖ-дан қарағанда 61%-ға арзан. Ұсынылып отырған сұйық жылуоқшаулағыш жабындарды алу технологиясын болжамды техникалық-экономикалық бағалау өз тиімділігін көрсетті.

#### **Берілген облыста үздік жетістіктермен салыстырғанда орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін бағалау**

Алғаш рет жақсартылған пайдалану сипаттамаларының кешеніне ие Қазақстан Республикасының жергілікті шикізатын толтырғыш ретінде қолдана отырып, жаңа сұйық жылуоқшаулағыш жабын әзірленді. Алғаш рет сұйық жылуоқшаулағыш жабын алу барысында табиғи-климаттық зерттеулер жүргізілді, бұл біздің еліміз үшін жаңа бағыт.

Диссертациялық жұмыста орындалған жұмыстың ғылыми деңгейі, ғылыми құндылыққа ие, автордың ғылыми еңбектерімен: а) жарияланған мақалалармен; ә) халықаралық конференцияларда қатысуымен расталады.

Сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша тәжірибелік-эксперименттік сынақ хаттамасы (Қосымша Ә), «Халықаралық Білім Корпорациясы» ЖШС-не оқу процесіне енгізу актісі (Қосымша Б) және «All Construction» ЖШС өндірісіне енгізу (қолдану) актісі (Қосымша В) жасалды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (03.09.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).
2. ҚР ЕЖ 2.04-108-2014 «Оқшаулау және әрлеу жабындары» .
3. ҚР ҚН 2.04-21-2004 «Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы және жылу қорғанысы».
4. Boburjon Tolibjonovich Tojiboyev, Omongul Maxamadsole Qizi Dexqonboy Nabirasi HEAT INSULATING LIQUID COATING // Scientific progress. 2021. №8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/heat-insulating-liquid-coating> (дата обращения: 03.12.2023).
5. P.F.Bergmann Becker, C. Effting, A. Schackow. Lightweight thermal insulating coating mortars with aerogel, EPS, and vermiculite for energy conservation in buildings // Cement and Concrete Composites. – Vol. 125, 2022, 104283, ISSN 0958-9465, <https://doi.org/10.1016/j.cemconcomp.2021.104283>.
6. Song He, Xiya Wu, Xiaoqian Zhang, Junwei Sun, Fuliang Tian, Saiping Guo, Haipeng Du, Ping Li, Yajun Huang, Preparation and properties of thermal insulation coating based on silica aerogel, Energy and Buildings, Volume 298, 2023, 113556, ISSN 0378-7788, <https://doi.org/10.1016/j.enbuild.2023.113556>.
7. Kai Li, Gabriel M. Veith, Meghan E. Lamm, Annie Stevens, Tej Lamichhane, Wei Guo, Shannon M. Mahurin, Kaushik Biswas, Diana Hun, Hsin Wang, Edgar Lara-Curzio, Soydan Ozcan, Tolga Aytug, Hermetically sealed porous-wall hollow microspheres enabled by monolithic glass coatings: Potential for thermal insulation applications, Vacuum, Volume 195, 2022, 110667, ISSN 0042-207X, <https://doi.org/10.1016/j.vacuum.2021.110667>.
8. Селяев В. П., Осипов А. К., Неверов В. А., Маштаев О. Г., Сидоров В. В. Полиструктурная модель теплоизоляционного материала на основе дисперсного микрокремнезема // Региональная архитектура и строительство. – № 2(13). – С. 5-11.
9. Селяев В.П., Осипов А.К., Куприяшкина Л.И., Седова А.А., Кечуткина Е.Л., Супонина Л.А. Возможность создания теплоизоляционных материалов на основе наноструктурированного микрокремнезема из диатомита // Наука: 21 век. – 2011. - № 3(15). – С. 76-86.
10. Селяев В.П. Наноматериалы и нанотехнологии в строительстве / В. П. Селяев // Наука: XXI век. - 2011. - № 1(13). - С. 58-66.
11. Эргашев М.М., Жамолиддинова Х.Т. Современные теплоизоляционные материалы в строительстве // Экономика и социум. – 2023. № 4(107)-1. – С. 1058-1061.
12. Khamidov A., Akhmedov I., Rizayev B., Kholmirezayev S., et all. Thermal insulation materials based on gypsum and agricultural waste // Science and Innovation. – 2022. – Vol. 1, № 8. – P. 1074-1080.

